

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

САЙЛАУ – 2023



БАРЛЫҚ
ҮМІТКЕРЛЕРГЕ –
ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

2

ТАЗА АЛМАТЫ



САНА
ТАЗАРМАЙ, ҚАЛА
ТАЗАРМАЙДЫ

8

ӘЛЕУМЕТ



«КЕШІРІҢІЗ,
КЕШІГІП
ҚАЛДЫМ...»

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.02.2023

Түнде:



-1+1 °C

Бұлтты, қатты жауын-шашын
(жаңбыр, жылбысқы қар).
Тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+2+4 °C

Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, жылбысқы қар).
Таңертең тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

19.02.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр,
жылбысқы қар).

Күндіз:



0.+2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр,
жылбысқы қар).



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №24-25 (6318) 18 ақпан, сенбі, 2023 жыл.

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1Chx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ӘКІМ

НАҚТЫ БАҒДАРЛАР МЕН НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАР



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тұрғындармен болған кезекті кездесуі Наурызбай ауданында өтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша шаһар басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып, алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

4-5

WINTER RUN-2023

ДҮБІРЛІ ДОДА

Алматыда марафон өтеді



Алматыда 19 ақпан күні жыл сайынғы Winter Run 2023 қысқы жарысы өтеді. Барлық ниет білдірушілер үшін марафонда 3 қашықтық ұсынылады: 10 км, 7 км скандинавиялық серуендеу және 3 км балалар қашықтығы.

3

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Түркияға гуманитарлық көмек жөнелтті.
- Президент мұрағатында ел тарихына қатысты 1 млн-нан астам құжат сақталған.
- Сенат депутаты ауылдардағы су құбырларын түгендеуді ұсынды.
- «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» жобаларына 2,8 трлн теңге бөлінеді.
- Биыл 555 қазақстандық «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алады.
- MediaLab журналистика орталығы ашылды.
- «Мектеп автобусы» жобасы бойынша автобустар Наурызбай ауданындағы 6 мектепке қызмет көрсетеді.
- Үстіміздегі жылы еліміз бойынша 15 млн шаршы метр тұрғын үй тапсырылады.
- 2023 жылы үш мың шақырым жергілікті маңыздағы жолдар жөнделеді.
- 2025 жылға дейін елімізде 113 спорт нысаны салынып, 26-сы жөнделеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Украина Президенті Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлесті.

Украина тарапының бастамасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Украина Президенті Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлесті. Екі ел басшылары Қазақстан мен Украина арасындағы гуманитарлық байланыстар мәселесін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей мен Украина арасындағы қарулы қатығысты БҰҰ Жарғысы мен жалпыға ортақ халықаралық құқық нормалары негізінде дипломатиялық жолмен шешуге қатысты Қазақстанның ұстанымын растады.

■ ПАРЛАМЕНТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында Сенат депутаттары «Үшінші елдермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою тәртібі және шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кыргыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет учаскелері туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады. Атап айтқанда, Нұртөре Жүсіп еліміздің оқу орындарында, жалпы әлемде оқушыларға жасалған шабуылдардың жиілеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, жүргізіліп жатқан алдын алу шараларының жеткіліксіз екеніне назар аударды, бұл проблеманың алдын алу шараларын күшейтуге айрықша көңіл бөледі ұсынды. Депутаттар сондай-ақ, бірқатар өңірлерде орман саласы бойынша қордаланған проблемаларға, елімізде киберкылмыстың, оның ішінде интернет-алаяқтықтың көбейгеніне және қазақстандықтардың дербес деректерінің таралуы жиілеп бара жатқанына назар аударды. Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын жоғары идеологиялық және ұйымдастырушылық деңгейде атап өту керектігі де айтылды. Фитосанитариялық бақылау бекеттерін заманауи зерханалармен жарактандыру процесін жеделдетуге және инспекторлардың жалақысын көтеру мәселесін қарауға шақырды. Шекарашылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы сын көтермейтінін айтып, шекара пунктерін үлгілік үй-жайлармен, газбен және электрмен қамтамасыз ету проблемаларын шешуді ұсынды.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте дене тәрбиесі және спортты, сондай-ақ туризм саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамаларының жобалары қаралды.

Қалаларда қолжетімді жерлерден жаңа спорттық инфрақұрылымдық нысандарды (жүгіру және велосипед жолдары, спорттық алаңдар), өңірлерде бұқаралық спорт орталықтары мен ауылдық жерлерде модульдік спорт ғимараттарын салу жоспарланып отыр. Кеңесте атлетшілерді дайындаудың заманауи әдістерін енгізу және спорттық медицинаның сапасын жақсарту жоспарланып отырғаны да атап көрсетілді. Бұл жұмыс алдағы жылдары Париж–2024 және Милан–2026 Олимпиада ойындарына дайындық бағдарламалары аясында жүргізілетін болады.

«Қазір көптеген қалаларда үйлердің аулаларында балалар мен ересектер дене тәрбиесімен шұғылдана алатын спорт алаңдары пайда болып жатыр. Бұл – ел ішінде кеңінен таралып жатқан жақсы тәжірибе. Біз базалық спортты бөріне бірдей қолжетімді ету үшін осындай ғимараттар тұрғызуды жалғастыра беруіміз керек», – деді Әлихан Смайылов.

Туризм саласын дамытуға қатысты республиканың негізгі 10 турдестаниясында инфрақұрылымдарды жаңғырту, сервис сапасын арттыру, халықаралық аренада еліміздің туристік әлеуетін ілгерлету және т.б. шараларды іске асыру көзделіп отыр. Сонымен қатар, жаңа әуе бағыттарын ашу, туристік қызметтерді цифрландыру, қонақүй бизнесінде және саланың басқа секторларында стандарттарды арттыру жөнінде жұмыс жүргізіледі. 2030 жылға дейін барлық шараларды іске асырудың нәтижесінде ішкі туристердің санын 11 млн адамға дейін, шетелдік туристерді – 4 млн адамға дейін, салада жұмыспен қамтуды – 800 мың адамға дейін арттыру, сондай-ақ Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингісіне сәйкес туризмді дамыту бойынша Қазақстанды әлемнің үздік 50 елінің қатарына қосу көзделіп отыр.

■ ЕАЭС

Қазақстанның бастамасы бойынша Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі 2023 жылғы 15 ақпанда онлайн режимде өткен кезекті отырыста жеке автокөлікті SOS батырмасымен міндетті жарақтандыруды қолдануына енгізу мерзімін 1 жылға ұзартты.

ЕЭК Кеңесінің мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады. Енді ЕАЭО елдерінің аумағына өз қажеттіліктері үшін әкелінетін М және N санаттағы көлік құралдары 2024 жылғы 1 ақпанға дейін шұғыл және жедел қызметтерді шақыру жүйелерімен міндетті жарақтандыру талабынан босатылады. Сонымен қатар өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техниканың қағаз паспорттарын электрондық түріне ауыстыру үшін тағы бір ұзарту жасалды. ЕЭК Кеңесінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы тапсырмасы бойынша I жартыжылдықта электрондық паспорттар жүйелерінің жаңа архитектурасын және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу қажет, ал 2022 жылы белгіленген өтпелі кезең мерзімі 2023 жылғы 1 сәуірде аяқталады. Осылайша бұрын қабылданған шешімдер ЕАЭО аумағында өздігінен жүретін және басқа да техниканың айналыс еркіндігіне әсер етпеуі үшін ЕЭК Кеңесі 2023 жылғы 30 маусымға дейін электрондық паспорттарды ресімдеу бойынша өтпелі кезеңнің аяқталу мерзімін ауыстыру туралы шешім қабылдады.

■ ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мен «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының төрағасы Болат Жәмішев Қазақстан өңірлерінде мүгедектігі бар балаларға арналған техникалық оңалту құралдары парктерін ашу мәселелерін талқылады.

Келіссөз барысында Тамара Дүйсенова мүгедектігі бар балаларға оңалту құралдарының заманауи және күрделі түрлерін уақытша пайдалану мүмкіндігін беру үшін техникалық оңалту құралдары парктерін (ОТК) ашудың маңыздылығын атап өтті.

Болат Жәмішев «Қазақстан халқына» қоры ОТК парктерін жарактандыру үшін қаржылай қолдау көрсетуге дайын екенін айтты. Талқылау нәтижесінде тараптар 2023 жылы аталған парктерді құру бойынша пилоттық жобаны іске асыру қажеттігі туралы шешім қабылдады. Жобаны пысықтау үшін бірлескен жұмыс тобы құрылып, ҚР ЕХӘҚМ егжей-тегжейлі жол картасы мен қажетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін болады. Жақын арада пилоттық жобаның операторын және қолайлы алаңдардың болуын ескере отырып, оны іске асыру үшін өңірлерді анықтау жоспарлануда. Пилоттық жоба шеңберінде мамандарды ОТК қажеттіліктерін бағалауды және дұрыс іріктеуді жүргізудің қазіргі заманғы халықаралық қағидаттарына оқыту ұйымдастырылатын болады.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

● САЙЛАУ – 2023

БАРЛЫҚ ҮМІТКЕРЛЕРГЕ – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР



Алматылық заңгерлер сайлауда барлық үміткерлерге тең мүмкіндіктер беруге шақырды.

19 наурызда Қазақстанда Мәжіліс пен мәслихат депутаттары сайланады. Дауыс беру өткен жылы қабылданған Конституцияға өзгерістер енгізуді көздейтін жаңа ереже бойынша өтеді. Алматыда ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына «Әділ сайлау үшін» қалалық штабының жетекшісі Бауыржан Мақұлбаев пен Алматы қаласы заң кеңесшілері палатасының мүшесі Бауыржан Байтағұров қатысып, сайлау процесінің рәсімдік ерекшеліктеріне тоқталып, баршаны үгіт-насихат науқаны кезінде заңды бұзбауға шақырды.

Алдағы сайлауда Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізім бойынша, 30 пайызы бірмандатты округтерден сайланады. Аралас сайлау жүйесі бойынша 50/50 қатынасы бойынша облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына сайла-

нады. Ал аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына сайлауда азаматтар бірмандатты округтердегі кандидаттарға ғана дауыс береді.

Саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер өз кандидаттарын ұсынса, өзін-өзі ұсынғандар да кандидат болды. Егер бұрын Қазақстанда пропорционалды сайлау жүйесі болып, партиялық тізімдер бойынша парламенттік сайлауға тек саяси партиялардың өкілдері ғана қатыса алатын. Ал бүгінгі таңда сайлаушылар жеке кандидатқа дауыс бере алады.

«Әділ сайлау үшін» қалалық штабының жетекшісі Бауыржан Мақұлбаев олардың негізгі міндеті заңдарды түсіндіру, құқықтық көмек көрсету, кеңес беру екенін атап өтті. Заңгерлер бейтарап позиция ұстана отырып халықты толық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Алма-

тыда барлығы 16 заң кеңесшілері палатасы жұмыс істейді, әзірге кандидаттардың ешқайсысы құқықтық көмекке жүгінген жоқ.

«Бүгінге дейін біз алматылық кәсіпорындардың ірі ұжымдарымен 30-ға жуық кездесу өткіздік. Қолданыстағы сайлау заңнамасының нормаларын түсіндіреміз. Біз әрбір адам өз құқықтары мен міндеттерін білгенін қалаймыз, бұл сайлаудың әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Біз ешкімді үгіттеп, ешкімді ұсынбаймыз, заң нормаларын түсіндіреміз», – деді Б.Мақұлбаев.

Қорытындылай келе, Алматы қаласы заң кеңесшілері палатасының мүшесі Бауыржан Байтағұров сайлау үдерісіндегі байқаушылардың құқықтары мен міндеттеріне тоқталды.

«Байқаушылар сайлау заңнамасына сәйкес әрекет етуге міндетті, олардың сайлау қызметіне араласуға құқығы жоқ. Олар сырттан бақылайды, егер заң бұзушылықтар болса, онда оларды тіркеу қажет», – деді Б.Байтағұров.

Сондай-ақ, тіркеу мерзімі аяқталған сәттен бастап үгіт аяқталғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімді ұсынған саяси партиялардың үгіт жүргізуге және өзінің сайлауалды бағдарламасын насихаттауға құқығы бар екені айтылды.

Жиын қорытындысында заңгерлер сыртқы жарнамамен айналысатын компанияларды, БАҚ өкілдерін, блогерлер мен әлеуметтік желілердегі паблик иелерін үгіт жүргізу жұмыстары үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер беруге шақырды. Ал кандидаттар болса, өз кезектерінде өздерінің сайлауалды бағдарламаларында заң талаптарын бұзбай, бөтеннің ар-намысын қорламай, үгіт-насихат жүргізудің заңсыз әдістерін қолданбаулары керек.

● БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз етеді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы филиалында баспасөз конференциясы ұйымдастырылды. Қоғам белсенділері алдағы Мәжіліс сайлауында Алматыдағы сайлаушылар белсенділігі 10–15%-ға өсуі мүмкін екенін айтады.

– Біз Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын партиялық тізімдер бойынша және ең бастысы, бірмандатты округтер бойынша таңдайтын боламыз. Көптеген үміткерлер бар, біз солардың арасынан таңдау жасауымыз керек. Еліміздің алға қойған даму жоспарларын одан әрі

ілгерілету біздің дауыс беруімізге байланысты болады. Адамдар мұны түсінеді. Осыған байланысты сайлау белсенділігі алдыңғы сайлауға қарағанда жоғары болады деп ойлаймын, – деді «Қоғамдық жоба» мекемесінің директоры Александр Братенков.

Ол сондай-ақ, Алматыда бірмандатты үш сайлау округінен Мәжіліс депутаттығына 143 кандидат және 21 сайлау округінен мәслихат депутаттығына 210 кандидат үміткер екенін атап өтті.

– Егер біздің сайлау белсенділігіміз 10–15%-ға көтерілсе, онда бұл айтарлықтай жаңалық болады. Әрине, мен оптимист ретінде жақсы жаңалыққа үміттенемін. Бірақ бұл үшін бірмандатты округтердегі партиялар мен кандидаттар қала үшін және жалпы ел үшін нақты жұмыс істей алатынына сайлаушыларды сендіре алуы керек, – деп жалғастырды ол.

Сонымен қатар, Александр Братенков бақылаушылар институтын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Олар әр сайлауды өткерген соң тәжірибе жинақтайды және келесі сайлауда заңнаманы еркін білетін болады.

– Азаматтық, патриотизм, құқықтық мәдениет, құзыреттілік – бұл барлық процестің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етуге арналған әрбір бақылаушыға тән болуы керек қажетті қасиеттер, – деп түйіндеді ол.

Айта кеткен жөн, БАҚ өкілдерімен кездесуді «Дауыс» қоғамдық бақылаушылар коалициясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы өңірлік филиалы ұйымдастырды.

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің сайлауы 19 наурызда өтеді.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



WINTER RUN-2023

ДУБІРЛІ ДОДА

Алматыда марафон өтеді

(Басы 1-бетте)

Жарыстың басталуы 19 ақпан күні таңғы сағат 4.00-де әл-Фараби даңғылында, «Нұрлы Тау» БО жанында өтеді. Марафон әл-Фараби даңғылынан Гагарин даңғылына дейінгі қашықтықты қамтиды, онда қатысушылар «Нұрлы Тау» даңғылына дейін кері бұрылады.

КЕЙБІР КӨШЕЛЕР УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Осыған орай, жарыс өтетін көшелерде қозғалыс ішінара шектеледі.

Азаматтардан уақытша шараларға түсіністікпен қарауды, қозғалыс бағытын алдын ала реттеп, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауды сұраймыз. Ал нақты қай көшелер жабылатыны туралы толық ақпаратты «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан көре аласыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАЗАЛЫҚ

АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІН ТАЗАЛАУ

жұмыстары бір аптада аяқталуға тиіс

Алматыда көктемгі су тасқынына дайындық мәселесі талқыланды. Қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен өткен кеңесте қатысушылар көктемгі маусымға гидротехникалық құрылыстарды дайындау мәселелеріне тоқталды.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТЖД және «Қазселденқорғау» қызметкерлері күн сайын қаланың барлық ауданындағы су айдынына, өзен арнасына мониторинг жүргізеді. ТЖД мәліметінше, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Есентай, Қарғалы, Ақсай, Жарбұлақ, Тіксай өзеніндегі жағдай тұрақты. Судың іркілуі мен мұздар жок, су кедергісіз ағып жатыр. Сең жүрмеуі тиіс. Мамандар осылай болжам жасап отыр.

Күн жылынғанда еріген қар суының және нөсердің кедергісіз ағуы үшін 10 аудан әкімдігінің мердігер ұйымдары арықты тазалайды. 13 ақпандағы жағдай бойынша 765 шақырым арық желісі қардан, мұздан және қоқыстан тазартылды, бұл жоспардың 57,5%-ы. Күн сайын үздіксіз жүргізілген жұмысқа 79 бірлік техника мен 283 адам жұмылдырылды. Жалпы, арық желісін тазартуды ақпан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Қала халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы су тасқыны кезінде ТЖМ аумақтық бөлімшелерінің, қаланың азаматтық қорғау қызметтерінің және әкімдіктің мердігерлік ұйымдарының күштері мен құралдарының жалпы саны 2581 адам және әртүрлі мақсаттағы 1078 бірлік



әртүрлі техника жасақталды. Су тасқынына қарсы жұмыстарға 23 мың 500 қап және 17 мың 843 тонна инертті материал дайындалды.

Экология және қоршаған орта басқармасының ақпарат бойынша көктемгі кезіндегі су тасқынының алдын алу үшін қалада 6 өзеннің (Тіксай, Жарбұлақ, Есентай, Ойжайлау, Боралдай, Қарасу) аумағында 206 шақырым жағалауды нығайту орындалды.

Жүргізілген түгендеуге сәйкес, жағалауды нығайту жұмыстарына тағы 127,7 шақырым өзен арнасы қажет, оларда қатты жауын-шашын кезінде су тасқыны пайда болады. Қазіргі кезде ұзындығы 37,7 шақырым төрт өзеннің (Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Бөкенбай және УАК) жағалауын нығайту және абаттандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірленіп жатыр. Қалған 90 шақырымды Алматы қаласын дамыту

КЕРЕК ДЕРЕК

- 765 шақырым арық желісі қардан, мұздан және қоқыстан тазартылды.
- Алматыда апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл жүргізуді талап ететін, су басуға барынша бейім 56 аумақ бар.

бағдарламасы аясында 2030 жылға дейін абаттандыру жоспарға енген.

Қазіргі таңда Сайран су қоймасында механикалық тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Наурыз айында Әуежай көлі мен «Қарасу» шағынауданындағы тоғанды тазалауды бастау көзделген.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша экология және қоршаған орта басқармасы су басуға бейім учаскелер бойынша мониторинг жүргізді. 102 учаске анықталды. Оның ішінде апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл жүргізуді талап ететін су басуға барынша бейім 56 аумақ анықталды. Қазір бұл жұмыс 92%-ға орындалды, олар 31 наурызға дейін аяқталады деп жоспарланған.

2023-2024 жылдары 376 шақырым арық желісін салу және жаңғырту жөніндегі жобаны іске асыру аясында қалған 46 аумақты су басу мәселесі шешімін табады. Кеңес қорытындысы бойынша Ерболат Досаев жауапты бөлімшелерге су тасқынының алдын алу және оған қарсы күрес мәселелерін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Сонымен қатар, мегаполис басшысы арық желілерін тазарту бойынша жұмысты бір аптада аяқтауды жүктеді.

ЖИЫН

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау 19 наурызға бекітілді. Бұл саяси үдеріс кезінде партиялар, жекелеген тұлғалар додаға қатысады. Осы мәселеге орай саяси сарапшылар да үн қосуда.

САЙЛАУ ӨЗГЕРІС ОРНАТАДЫ

Философия, саясаттану және дінтану институтында алдағы сайлауға қатысты жиын өтті. Шарада «Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауының сайлау процесіне этно-мәдени бірлестіктердің қатысуын талқылау» тақырыбы ортаға салынды. Іс-шараны алғысөзбен осы институттың Бас директоры Серік Сейдуманов ашып берді. Ал модераторлықты Шайкемел Мұхтарбек жүргізді.

Жиынға белгілі қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар, этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері мен Алматы қаласы ҚХА мүшелері, сондай-ақ қоғам өкілдері мен журналистер қатысты.

Белгілі ғалым, философия ғылымының кандидаты Айдар Әмребаев Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыстары оңырегінде ой қозғады. Сонымен қоса, оның қоғам өміріндегі маңыздылығына тоқталды. Алдағы уақытта мұндай институционалды құрылымның қаншалықты қажеттігі және өзектілігі жөнінде ойларымен бөлісті.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы өз кезегінде маңызды рөлге ие болды. Елдің саяси өмірінде аса белсенділік танытты. Біраз игі жұмыстарға атсалысты. Ол жағы анық. Саяси аренада да қомақты үлесінен айырылмады. Ұдайы қолдау тауып жүрді. Елдегі Парламент сайлауы кезінде белсенді жұмыс керек. Осы тұста Ассамблея жарқырап көрінетін шағы деп білеміз. Әрқашан «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүрмей, ашық белсенді жұмыс істесе деген ниеттеміз. Отанымыз баршамаңызға ыстық, ортақ, қасиетті үй екенін ұмытпайық, – деді ғалым Айдар Молдашұлы.

Парламент сайлауына орай ҚХА мүшелері де белсенділік танытып жүр.

– Елде ауқымды саяси науқан басталды. Көптеген өзгерістер болып та, жасалып та жатыр. Ассамблея белсенді әрі ширақ қимылдау үстінде. Барлық істен шеткері қалмады. Сын көп айтылуы мүмкін. Бірақ сайлауда өз тандауымызды бір кісідей білдіреміз деп ойлаймын, – деді ҚХА мүшесі Шайкемел Мұхтарбек.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АРДАГЕР

«АЗАМАТ БОЛУ – МІНДЕТ, ПАТРИОТ БОЛУ – ПАРЫЗ»

Ресми дереккөздеріне сүйенсек, Ауған соғысына 22 296 қазақстандық қатысты. Оның 928-і қаза тауып, мыңдаған жігіт мүгедек болып оралды. Ал 19-ы із-түзсіз жоғалып кеткен. Бес жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры, біреуі Халық қаһарманы, екеуі «Айбын» орденінің иегері атанды. Мыңдаған жігіт Тәуелсіз Қазақстанның наградаларымен марапатталды. Бірақ олар кезінде соғысқа «біз награда алуымыз керек, батыр боламыз» деп емес, патриоттық рухпен, жастықтың жалынымен аттанған балаң бозбалалар еді. Сол жастардың қатарында 18 жастағы Әуез де болған.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әуез Бейсенбаев әскер қатарына Алматы қаласы Октябрь аудандық әскери бөлімшесінен алынып, Мәскеуге келіп, сол жерден Таман дивизиясының құрамында қызметін бастаған. РП-3 жылжымалы барлаушы пунктіне түседі. Барлау қызметіне жаңа әскери техника беріліп, лазерлік нысан, лазерлік кондырғы, ЭВМ-компьютер деген де сол кезде болды. Су жаңа әскери техниканың тілін білікті командирдің арқасында Әуез де бірден меңгеріп алады. Заманауи техниканы

соғыс сынағынан өткізу қажет болғандықтан, бірнеше жауынгер техникамен бірге Ауған жеріне барады. Сынақтан өткен соң техниканы алып кетеді де, Әуез Ауған жерінде Герат провинциясында барлаушы болып қалып қояды. Әдетте барлаушылыққа сергек, зерек, тыңғылықты, сұңғыла, сақ жігіттерді алатыны белгілі.

Олардың қызметтік тапсырмаларын тек басшылық ғана біліп отырады, ал қалған жерлерде сыр алдырмауға тиіс. Уыздай жап-жас қазақ жігіттері оқ пен от бораған Ауған жерінде көпке жария қылмай-ақ талай құпия тапсырманы орындап, көзсіз ерліктер жасады. Сол маңызды тапсырмалардың алдыңғы шебінде жүрген Әуез Тұлмаханұлы Ауған



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

шекарасынан 1989 жылы 15 ақпанда Кеңестің соңғы әскері шығарылғанша Отан алдындағы борышын адал атқарды.

– Майданда достыққа адалдық, беріктік деген ұғымдарды терең түсіндік десем, қателеспеспін. Достыққа берік болу – әр Ауған соғысы жауынгерінің жадындағы серт болып қалыптасты. Жат елде ауылды сағынасын, туған жердің ауасын аңсайсын. Оң-солымыз

ды енді танып келе жатқан жас бозбала шақта тағдырымыз бір бұйрықпен шешіліп, ерте есейдік, тағдырдың өтінде тұрып, шындалдық. Бойымызды үрей билеген күндер мен түндер де болды, соның бәрі біз үшін үлкен өмір мектебіне айналды. Бізді «ардагер» деп жатады. Мен үшін бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр. Ол «арлы ер» немесе «ардақты ер» деген ұғымды білдіреді. Жалпы, ардагер деп бізді емес, біздің ерлік ісімізді, қоғамға тигізген көмегімізді, Отан үшін отқа түсуге дайын болған жастық шағымызды, ел басына күн туған сындарлы сәттерде жастығымызға қарамай батыл қимыл жасай алған әрекеттерімізді бағалағаны, халықтың бағасы деп білемін. Иә, еліміз бізді ардагер деп таныса, бұл құрмет деп танымын. Бауыржан ағамыз «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» деп жақсы айтып кеткен. Ешқашан тіземізді жау алдында бүккен емеспіз. Менің ойымша, мұның барлығы Отанымызға деген жүрегімізден шыққан құрмет деп есептеймін. Ал ең бастысы – біз көрген соғысты келешек ұрпақ көрмесе екен деген тілегіміз бар, – дейді Алматы қаласындағы «Көкбайрақ» Ауған соғысы мүгедектері мен ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Бейсенбаев.



НАҚТЫ БАҒДАРЛАР МЕН



(Басы 1-бетте)

6 жаңа мектеп, 2 емхана ашылады

Өткен 2022 жылдың басында Наурызбай ауданы қаладағы оқушы орындарының тапшылығы бойынша бірінші орында тұрғаны белгілі. Ал биылғы жылдың басында бұл көрсеткіш 3 есе, яғни 2494 орынға дейін қысқарды. «Қалқаман» және «Шұғыла» ықшамаудандарында 5100 орынды 4 мектеп ашылды. Қазіргі таңда Наурызбай ауданындағы тұрғын үй құрылысының қарқыны ескеріле отырып, тағы 6 жаңа мектепті жобалау және салу жұмыстары жүріп жатыр.

Наурызбай ауданында емханалардың жетіспеу мәселесін шешу және медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін «Құ-

рамыс» және «Шұғыла» ықшамаудандарында 500 келушіге арналған 2 жаңа емхана және «Ақжар» ықшамауданында 1 дәрігерлік амбулаторияның құрылысын бастау жоспарланып отыр.

СУМЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

Аудан тұрғындарын сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету бойынша да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, 2022 жылы 85 шақырымға жуық сумен қамту қолға алынып (56,2 км), кәріз (28,5 км) желілері салынды. Биыл 19,9 шақырым желі салынып, 335 шақырым сумен қамту (187,5 км) және кәріз (147,5 км) желілерінің құрылысы жобаланады. Оның ішінде «Ақжар» және «Қарағайлы» ықша-

маудандары бойынша жобалау-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптамаға жіберілді. Сәуір айында сараптама қорытындысы шыққан соң, құрылысты 2023 жылдың 3-тоқсанында бастау жоспарланған. Сондай-ақ, Қарғалы өзеніндегі су жинағыштың құрылысы аяқталып, Ақсай өзеніндегі су жинау құрылысын салу жұмыстары жалғасады. Нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін Наурызбай ауданын сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілетін болады.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРАДЫ

Электр желілерін модернизациялау және тұрақты электрмен қамтамасыз ету мәселесі бойынша 2022 жылы 79 транс-

форматорлық подстанцияға жөндеу жүргізіліп, 3,8 шақырым электр желісі реконструкцияланды. Биыл «Ақжар», «Қалқаман-2», «Қарағайлы», «Құрамыс» және «Таусамалы» ықшамаудандарында тағы 35 трансформаторлық подстанция және 84 шақырым электр желілері жөнделеді.

Сонымен қатар, ауданның жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі өзекті болып отыр. 2022 жылы «Ақжар» ықшамауданында 10 шақырым жол және «Ақжар», «Қарағайлы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарының 12 көшесінде 8 шақырым тротуар салынып, 23 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді.

Биыл «Ақжар» (13 шақырым) және «Шұғыла» (3,4 шақырым) ықшамаудандары бойынша 20 көшеде 16,4 шақырым жол

● СҰРАҚ-ЖАУАП

Әр мәселе жеке қаралады



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала әкімінің баядамасынан кейін Наурызбай ауданының тұрғындары өздерін мазалайтын маңызды мәселелер туралы өтініш-шағымдарын айта бастады.

Алғашқы сұрақты қойған Наурызбай ауданының тұрғыны қала әкімін жаңадан ашылған мектепке шақырды.

– Ерболат Асқарбекұлы, осының алдында Наурызбай ауданындағы кездесуде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектеп ашуға көмек сұрап едім. Сол мектеп 1 ақпан күні ашылды, сіздерге алғыс айтамын. Уақытыңыз болса, сол мектепке келсеңіз.

– Шынымен бұл үлкен жұмыс. Арнайы уақыт тауып мектептеріңізге келемін, – деді қала басшысы.

«Ақжар» ықшамауданынан келген келесі тұрғын балаларға арналған алаң салуды өтінді.

– Мен «Ақжар» ықшамауданындағы Лашын көшесінде тұрамын. Менің сұрағым – бізге балалар алаңы керек еді. Содан кейінгі мәселе – автобус. Біз жаққа қоғамдық көлік жүргізеніздер. Өйткені, біз не Абай даңғылына, не жоғары жаққа жакын емеспіз. Тағы бір айтарым, Бейжайлау көшесін жасап бергендеріңізге алғыс айтамын. Енді жасанды жол тежегіш жасап берсеңіздер, – деп өтінді тұрғын.

Балалар алаңы туралы сұраққа Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай жауап берді.

– Балалар алаңы бойынша, сіздерден

300 метр төмен Абай даңғылының бойында «Халық қатысатын бюджет» аясында жоба қарастырылған. Биыл сол жерге салуды жоспарлап отырмыз. Қазір Бейжайлауда алаң жасауға жер телімі жоқ, – деді С.Тоғай.

– Сіз айтқан аймақта бос жер табылса, аудан әкіміне балалар алаңын салуға тапсырма беремін. Бірақ жер теліміне кететін ақша, балалар алаңына кететін қаражаттан асып кетпеуі керек. Ал автобусқа келсек, көп көшелерде бұрылыс жоқ. Автобустар кіріп, шыға алмай қалады. Қалалық мобильділік басқармаға тапсырма берейін. Бірақ 12 метрлік автобустардан бөлек, 8 метрлік автобустардың бұрылатын жері жоқ. Дегенмен, аудан әкімі өзі тағы бір қарап көріп, маған ұсыныс енгізеді, – деп толықтырды қала әкімі.

Өз кезегімен сұрақ қойған келесі тұрғын өздеріне тиісті төлем төленбегенін айтты.

– Мен Машан көшесі тұрғындары атынан келіп тұрмын. Біз қала жобасын қолдап үйлерімізді сүруге рұқсат бергенбіз. Ол 2022 жылы тамыз айында болды. Сол кездегі нарықтық бағамен келісім-шартқа отырдық, бірақ ақша әлі түскен жоқ. Мұның себебі неде? Екіншіден, сүруге кеткен үйлердің көшелері қазылып, топырақтарын әр жерге үйіп тастаған. Қауіпсіздік мәселесі қайда? – деді тұрғын.

– Заң бойынша келісім-шартқа отырған соң, бір айдың ішінде төлем сіздерге түсуі керек. Қазір сізге жолығып тексеріп береміз, – деп жауап берді Алматы қаласы жер қатынастары басқармасының басшысы Ардақ Самамбетов. Ал шаһар басшысы қауіпсіздік мәселесін қадағалайтын атап өтті.

Кезекті аудан тұрғыны өз ықшамауданындағы өзекті мәселелерді көтерді.

– «Таусамалы» ықшамауданында тұрамын. Ол жерде бір су айдағышқа 300–400 адам байланған. Сол су айдағыштың иесі «көктемде суды жабамын, мотор ескірді» деп отыр. Сонда біз сусыз қаламыз ба, су мәселесі не болады? Сосын Жанат көшесінде бір жақты қозғалыс белгісін қою керек. Көше тар, көліктер қарама-қарсы жүргенде түйісіп қалады. Және бір айтарым, сол жаққа 200 метр тас жол керек, – деді «Таусамалы» ықшамауданының тұрғыны.

– Жанат көшесіндегі бау-бақшалық жерлердің бәрі жобаға енгізілді, су мен кәріз желісі жүргізіледі. Әзірше, сіздерге 300 метр жерден мемлекеттік суды қосып бердік. Ал бір жақты қозғалыс мәселесін полиция өкілдерімен бірге қарау керек, бір күнде шешілетін мәселе емес. Жол жөндеу бойынша, 200 метр асфальтті күн жылыған кезде жасап береміз, – деді аудан әкімі.

Наурызбай ауданының келесі тұрғыны жер және үйді заңдастыру бойынша өз өтінішін жеткізді.

– Мен «Қалқаман-2» ықшамауданындағы Нұрмағамбет №146 үйде тұрамын. Бұл заңдаспаған үй. Үйді заңдастыруға мемлекеттік акт жоқ. Жерді 2000 жылы Қарасай ауданы болған кезде алғанмын. Оны заңдастыруға өтінішімді 1 жыл бұрын бердім. Бірақ Жер қатынастары әлі қараған жоқ, – деді ол.

– Мен сөзімнің басында айтып өткенімдей, бізге Қарасай ауданынан келген сұрақтар көп. Жеріңіздің құжаттары болып, салған үйіңізді заңдастыру керек болса, ондай кезде сұрағыңызды жер ко-



НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАР

салынып, 21 шақырым жол орташа жөндеуден өтеді.

Сондай-ақ, осы жылдың соңына дейін Абай даңғылын қала шекарасына дейін ұзарту жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Осы айдың соңына дейін Жұбанов көшесін Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту жобасына қатысты мемлекеттік сараптаманың қорытындысы шығуы тиіс.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ САНЫ КӨБЕЙЕДІ

Өткен 2022 жылы ауданда 4 жаңа қоғамдық көлік маршруты ашылып, 4 маршрут ұзартылды. Оған қоса, 13 маршруттары 173 автобус жаңартылды. Сондай-ақ, тұрғындар өтініші бойынша ауданда 12 аялдама кешені жабдықталды. Осы жылы 40 автобусты жаңартып, қосымша

20 жаңа аялдама орнату жоспарланған. Қоғамдық көлік интервалдарын қысқарту үшін жолаушылары көп 6 маршрутқа (№44, 55, 115, 137, 118, 212) 86 жаңа автобусты қосып, көбейту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Мектеп автобусы» жобасы аясында Наурызбай ауданындағы 2 мектепке автобустар (№186 – 3 автобус, №200 – 2 автобус) осы наурыз айында бөлінеді. Жалпы, 5 мектеп автобусы 2000 оқушыны қамтуы керек.

46 ЖОБА ІСКЕ АСАДЫ

Наурызбай ауданының тұрғындары үшін метрополитенді дамытудың маңызы зор. Осы жылдың 1-тоқсанында Яссауи көшесінен батыс бағытта Абай даңғылының астынан Әшімов көшесіне дейін «Б.Момышұлы» станциясынан «Қалқаман» станциясына дейін метрополитеннің бірінші желісінің үшінші іске қосу кешенін салу» жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын мемлекеттік сараптамадан өткізу жоспарланған.

миссиясына өткізіп, заңды түрде көмектесе аламыз. Ал енді жерге қатысты сұрақтар болса, ол басқа мәселе. Ендігі жетіде аудан әкіміне кіріңіз, құжаттарыңызды көрсін. Сосын шешім қабылдаймыз, – деді шаһар басшысы.

Сұрақ-жауап сессиясының барысында сұрақ қойған тұрғындардың бірі бос жатқан жерлердің біріне үй салғысы келетін айтты.

– Мен былтыр аудан әкімдігінің кездесуінде бос жатқан жерлерді алуға өтініш берген едім. Ол жерді ала алмай жүрмін. Сол жақты алып, әке-шешесінен айырылған немерелеріме үй салып берсем деген едім. Осы мәселені шешіп берсеңіз.

– Қазір сізге барлығын толықтай шешіп беремін деп айта алмаймын. Жер мәселесі бойынша басқарма басшысына қағаздарыңызды беріңіз. Содан кейін, кімнің жері екендігі жөнінде шешімді қарап көрейік. Көп сөзбай қарап шығып, сізге нақты жауабын қайтарамын, – деді қала әкімі.

«Alma City-5» тұрғын үй кешенінің тұрғыны былтырдан бері жылу берілмей келе жатқанын айтып, осы мәселені шешіп беруді өтінді.

– Сәлеметсіздер ме? Менің есімім – Айгерім, көпбалалы анамын. 2022 жылы кезегіміз келіп, «Alma City-5» тұрғын үй кешенінен 3 бөлмелі үй алдық. Қазан айында жылу қосқанда, біздің батареяларымыз істемей қалды. «Qazaq Stroy» КСК жұмысшыларын шақырдық. Осылайша себебін анықтай алмай қойдық. 1,5 ай бір бөлмелі пәтерде жылытқыш қосып отырдық. Қараша айынан бастап үйіміз көгере бастады. Осылайша мен Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына шағымдандым. Ол кісілер тексеріп келді. Дегенмен, ешқандай да мәселе шешілмеді.

– Барлық жауапкершілік «Qazaq Stroy» компаниясында. Салған да, қолда-

Әкімдіктің қаладағы 511 көшедегі сыртқы жарық бойынша жүргізген жұмыстары аясында 2022 жылы Наурызбай ауданында 10 учаске қамтылды («Елисейские поля» коттедж қалашығы, тұйық көшелері бар Бегайлы, Садовый бульвар, Карьерная көшелері, «Премьера» тұрғын үй кешені, Ілтипап, Төлебеков, Белжайлау, Береке және Бірлік). Кенесары хан көшесінің 11-учаскесіндегі жұмыстар осы жылдың ақпан айының соңына дейін аяқталады.

Тұрғындардың өтініштері бойынша ауданның бау-бақша серіктестіктеріндегі 50 көшеге осы жылдың соңына дейін қосымша ұзындығы 34 шақырым сыртқы жарық жүргізу жоспарланған. Бұл көше-

лер 511 көше тізіміне енген, себебі олар бау-бақша серіктестігінде орналасқан. Аудан әкімдігі «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде жұмыстар жүргізуді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, өткен жылы қала әкімінің тапсырмасы бойынша Наурызбай ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының лимиті 500 млн теңгеге, 1,3-тен 1,8 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Бағдарлама шеңберінде 2022 жылы 1,8 млрд теңге сомасына 47 жоба іске асырылды. Жалпы, ауданда қоғамдық кеңістіктің 21 учаскесі абаттандырылып, жол инфрақұрылымы бойынша 26 жоба іске асырылады.



нысқа берген де сол кісілер. Жауапкершілікті де сезіну керек. Олар өткен жолы рұқсатсыз үйлерді қолданысқа беріп, жылу желілерін қосты. Оларға тапсырма беремін. Үйіңізге арнайы келіп, мәселелерді шешетін болады. Жылыту желілерін 16 сәуір күні өшіреді. Оған дейін желілерді ертерек өшіріп, жөндейтін болса, барлық үйлерде жылу болмайды. Осы ретте айта кетерім, бұл «Qazaq Stroy» компаниясының жіберген олқылығы, – деді қала басшысы.

Келесі азамат өздері тұрып жатқан тұрғын үй маңына бейнекамераларды орнатып беруді сұрады.

– Мен «Қалқаман» ықшамауданының тұрғынымын. Біздің №3 үйдің жанынан көлік тонау оқиғасы болды. Сол үйдің маңына камера орнатып берсеңіздер.

Бұл сұраққа Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай жауап қайтарды.

– Адамдар әр үйдің маңына камера орнатуды сұрай бастады. Өткенде, барлық аймақты қамтитын 300 камера қойған едік. Алдағы уақытта тағы 300 бейнекамера қою жоспарымызда бар. Әр үйге қоя алмаймыз. Бірақ көшенің бойында барлық аумақты қамти алатындай бейнекамера орнатамыз, – деді Санжар Тоғай.

Наурызбай ауданының келесі тұрғыны азық-түлік бағасының қымбаттауына алаңдаушылық білдірді.

– Бағаны тұрақтандыру үшін не істе-

луде? Осы бағытта жұмыс істеулеріңізді сұраймын, – деді тұрғын.

– Бағаның өсуі – қала әкімдігі үшін маңызды мәселе. Біз өткен жылдың күзінде негізгі өнімдердің қымбаттауына тосқауыл қою және тұрақтандыру жұмыстарын бастадық. Алматыда бағаны тұрақтандыруға 15 млрд теңге бөлінді. Көктемде наурыз айының ортасынан бастап, біз алғашқы өнімдерді аламыз. Сол кезде бағасы қатты шарықтаған тауарлардың бағасын тұрақтандырамыз деп үміттенеміз.

Сонымен қатар, Алматыда монополияға айналған Алтын Ордадан басқа көтерме сауда орталықтары пайда болды. Бүгінде қалаға көкөністердің, жемістер мен еттің 75%-ы Алтын Орда арқылы жеткізіледі. «Магнум» желісі тауар өндірушілермен тікелей жұмыс істей бастады. Соның арқасында бағалар төмендеді. Біз Ақсу қант зауытымен 2,6 млрд теңгеге шарт жасадық. Жазда қант бағасы көтерілмейді деп үміттенемін. Қалада нанның бағасы көтерілген жоқ, өйткені біз оны субсидиялап жатырмыз, жергілікті бюджеттен қосымша ақша бөледік.

Қала әкімшілігі баға мәселесін ерекше бақылауда ұстайды. Тікелей Наурызбай ауданына келетін болсақ, мұнда көтерме сауда деңгейі нашар дамыған, дүкендер аз, бәсекелестік жоқ. Бұл мәселені шешу үшін аудан әкімдігімен бірге жұмыс істейміз, – деді шаһар басшысы.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Ақжар», «Қарағайлы» мен «Шұғыла» ықшамаудандарында 23 ШАҚЫРЫМ жолға орташа жөндеу жүргізілді



2022 жылы ауданда жаңа 4 МАРШРУТ ашылып, 173 автобус жаңартылды



Наурызбай ауданында былтыр 5100 ОРЫНҒА 4 мектеп салынды



Осы жылы Наурызбай ауданының бау-бақша серіктестіктерінде орналасқан 50 КӨШЕГЕ жарық жүргізіледі



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында өткен жылы 1,8 МЛРД теңге сомасына 47 жоба іске асырылды



«Құрамыс» және «Шұғыла» ықшамаудандарында 500 КЕЛУШІГЕ арналған 2 жаңа емхана және «Ақжар» ықшамауданында 1 дәрігерлік амбулатория салынады

Бетгі әзірлегендер Досбол АТАЖАН, Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев үш сағатқа созылған кездесу барысында аудан тұрғындарының сұрақтарын тыңдап, жолдарды жөндеу, кәріз және су желілерін жүргізу, оқу орындарындағы тапшылық мәселесін шешу және т.б. сұрақтарға жауап берді және жауапты мекемелерге тапсырма берді.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев бір жылда қала халқымен 24 кездесу өткізеді.



САУАЛНАМА

САЙЛАУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ
НЕДЕ?

Ерлан ƏBİL,
Қазақстан Республикасы
Президентінің
жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының
ректоры:

Демократиялық
өзгерістердің
көрінісі

Иә, қоғамда сайлау жүйесіне қатысты сыни пікірлердің айтылып жүргені рас. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес елімізде жүргізіліп жатқан саяси, конституциялық реформалар нәтижесінде сайлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді.

2004 жылдан бері алғаш рет Мәжіліске кандидаттар бір мандатты округтер бойынша сайланады (98 депутаттың 29-ы). Партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар ғана емес, өзін-өзі ұсыну арқылы да ұсынуға мүмкіндік туды. Облыстық мәслихаттардың 50%-ы партиялық тізім, ал екінші жартысы бірмандатты мажоритарлық округтер бойынша жасакталады. Аудандық мәслихаттар 100% бірмандатты мажоритарлық округтер арқылы сайланады.

Биыл 45 аудан әкімі, келесі жылы – 45 аудан, 2025 жылы – 113 ауданның әкімдері тікелей халықтың қатысуымен сайлау арқылы өткізіледі. Аталған шаралардың барлығын еліміздегі жүріп жатқан демократиялық өзгерістердің айқын көріністері деп айтуға болады.



Атамұрат ШӘМЕНОВ,
экономика
ғылымының докторы,
қоғам қайраткері:

Саясат
сахнасына жаңа
есімдер келуі
мүмкін

Биылғы сайлауда едәуір ілгерілеу бар. Өткен саяси науқанда бір партияның үстемдігі болғаны рас. Енді олардың арасында бәсекелестік туып тұр. Бұрын партиялық тізімге кіру де оңай емес еді. Қазір ол тізім кеңейген тәрізді. Бастысы – мажоритарлық жүйенің қайтып келуі. Қазір танымал немесе қоғамға белгісіз адамдар кандидат болып тіркелуде. Өтсін-өтпесін, ішіндегі саясаттың буы шығатыны сөзсіз. Дегенмен, негізгі мәселе сайлау қортындысын санауға байланысты болып тұр. Сайлаушылардың белсенділігі мен бақылаушылардың жақсы жұмысы, сайлау комиссиясының ар алдындағы тазалығы талай жаңа есімдерді Мәжіліс пен мәслихат төріне шығаруы әбден мүмкін.



Дархан МЫҢБАЙ,
қоғам және мемлекет
қайраткері:

Баяғы дәурен
өтті, жаңа кезең
жетті

Өздеріңізге белгілі, сайлау туралы заңдарға бірқатар өзгеріс енгізілді. Соның ішінде сол тұста заңды тіркеуден өткен партиялар жетекшілерінің, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің ұсыныстары да ескерілді.

Әрине, сайлаудың айналысында туатын әжептәуір дүрмекке еліміздегі бүгінгі саяси-әлеуметтік ахуалдың, қоғамдық пікірдің ықпалы болады. Дегенмен, елімізде бастау алған саяси реформаларды қолдайтын сайлаушылар басым екендігі сөзсіз. Оларға үміткерлер мен науқанды ұйымдастырушылардың іс-әрекеттерінен гөрі ортақ заңдылықтың сақталуы маңызды болуға тиіс.

Мұндай саяси іс-шараға сергек, сын көзбен қарау бұрын да болған, алдағы кезде де жалғаса береді. Қорыта айтқанда, сайлау мәдениетін қалыптастыруда қоғамдық пікірді жария ететін дәстүрлі баспасөз бен бұқаралық ақпарат көздерін тиімді пайдалануға ерекше мән берген жөн деп санаймыз. Баяғы дәурен өтті, жаңа кезең жетті. Ең бастысы – 19 наурызда дауыс беретін сайлаушылардың көзі ашық, сауатты екендігін ұмытпау керек.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ



Серік СЕЙДУМАНОВ,
Философия, саясаттану
және дінтану
институтының
бас директоры:

Елімізде саяси науқандар өтіп жатыр. Белсенділік жоғары. Өте маңызды сайлау болғалы тұр. Алматы мәслихатына 49 орын бөлінген. Сайлау кезеңін бақылап отырмыз. Біз де институттың кезекті отырысын өткіздік.

Бізге этникалық жағынан алааламайды. Біреудің шеніне, түр-түсіне қарап бөлуді көріп отырғанымыз жоқ. Бұған өте ризамыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының шама-шарқын, маңызын байқап жүрміз. Бұл салада трансформация жүріп жатыр. Олар ел өміріне белсенді қатысып келеді. Алда тек жақсылық болсын демекпіз.

САЙЛАУ – 2023

Қазақстан қоғамы жаңару кезеңін бастан өткеруде. Көмескіленген дүние кейінге ысырылып, тың нәрсе алға озуда. Бұрын тұйықталып қалған тұйық тарқатылып келеді. Алда жақсылық орнайды деген үміт зор. Әділетті Қазақстанның іргетасын қалау әрбірімізге тікелей қатысты. Отан барлығымызға ортақ. Осында ғұмыр кешіп жатқан әрбір адам қымбат. Қоғам болғаннан кейін сан түрлі ой болары анық. Алайда, елдік, ұлттық мүдде төңірегінде баршамыздың ұстанымымыз бір. Дәлірек, елге белгілі азаматтардың тұжырымы, ұсынысы, байламы маңызды. Осыған орай саясаткер, қоғам қайраткері Дос КӨШІМНІҢ ой-пікірін білген едік.

НИЕТ БОЛСА,
БӘРІ ОҢАЛАДЫ

Біз өткеннен сабақ алуымыз қажет. Қай тұсымыз әлсіз, сол жағын оңдайық. Елдің несібесі өзіне берілетін уақыт орнады. Жаңа толқын ел тізгінін ұстайтын шақ туды. Мемлекет басқаратын жаңа кадр алмасып жатыр. Соның ішінде жас азаматтардың келгені дұрыс. Олар Отанға маңдай терін сығып, осы елдің отымен кіріп, күлімен шығып жүрсе, нұр үстіне нұр.


Әділет кең ұғым. Мұны бір ғана сөзбен суреттеп жазу оңай емес. Жақсылыққа қарай бет бұруға кіріскен сынайлымыз. Бірақ тоқмейілісіп, игі істерді ысырып қоюға болмайды. Кеткен кемшіліктен сабақ алып, ілгері қадам баса беру керек. Ниет болса, бәрі оңалады.

ҒАЛАМДЫҚ
ТӘЖІРИБЕ

Біз кит етсе, шетелге қарап бой түзейтін болдық. Оған ешкім қарсы емес. Алайда, өзіміздің өткенімізге көз жүргірту қажет. Қазақ көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысты бастан өткерді. Әрбір ауылды өзінің ру басылары, ақсақалдар басқарды. Қай жерге көшу керек, төрт түліктің ыңғайы қалай, өзен-сулы жерді іздеді. Бір ауыл өз ішіндегі түйткілді өзі тарқатты. Сыртқа иек артпады. Бізде дала демократиясы болды. Оны жокқа шығаруға болмайды. Өздеріңіз білесіздер, Абылай ханның жанында ақылшысы Бұқар жырау болды. Хандықтың ішкі-сыртқы ахуалын бағамдап отырды. Тіпті, бізде хан сайлауға халық қатысты. Әр елдің рубасы, әскербасы, абызы, пірі жиналып хан көтерді. Дәл Еуропа жүйесіндегідей монархия бола қойған жоқ. Өйткені, билер институты қатты жұмыс істеп тұрды. Сонымен бірге, тұрақты әскер бола қоймаған. Тек ханды қорғайтын төлеңгіттер, қолбасшылары болды. Әскери демократиялы билік жүйесі мықтап орнаған тұғын. Сәл қипақтаса, қағып тастауға әзір еді. Осылайша сан ғасыр бойы күн көшті.

Қазақ даласында ақсақалдар институты мықты жұмыс істеді. Ел арасында «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет қағидаты» салтанат

ХАЛЫҚ ҮНІН ЖЕТКІЗЕДІ



Айдар ӘМРЕБАЕВ,
Саяси зерттеулер орталығының директоры:

Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын басты бағыт етіп қойды. Соның арқасында жаңа өзгерістер орын алуда.

Біз қазір саяси науқандар кезеңін өткізіп жатырмыз. Саяси өзгерістер де көп болуда. Мәжіліс сайлауы өткелі тұр. Қазақстан халқы Ассамблеясының елге тигізген белгілі бір пайдасы болды. Саяси үдерістер кезеңінде қалыс қалмады. Осыған тереңірек үңілетін шақ келді.

Әрбір саяси науқан қызу өтеді, ол мемлекеттің бағыт-бағдарына да әсер етеді. Қанша дегенмен, Парламент халықтың мұң-мұқтажын жеткізетін заң шығарушы орган. Мұнда тарихи шешімдер қабылданады. Халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселелері қаралады. Сондықтан әр саланың мамандары ел абыройын көтеруге күш салып жұмыс істесе дейміз. Бәріміз бірлесіп іс қылсақ, озамыз. Дамыған елдер санатына қосыламыз.

Ел арасынан сайланатын патриот азаматтар елге игілігін тигізсе екен. Қасиетті түркі жұртының қара шаңырағы биік болсын. Ұдайы жетістіктерге жетіп, халықаралық аренада беделіміз асқақтай түссін!

СЕНІМ МОЛ, ҮМІТ ЗОР



құрды. Соның нәтижесінде мызғымас бірлік болды. Жау шаба қалған сәтте бәрі жиналып, қарсы тұрды. Ал хан осыны қолбасшыларымен бірге ұйымдастырды. Ханның негізгі миссиясы сыртқы дипломатиялық қарым-қатынасты тұрақты сақтау болатын. Соны жүзеге асырды.

Еуропа елдері, АҚШ-ты айтпай өте алмаймыз. Қанша дегенмен бізден әлдеқайда бұрын өркениет көшіне түсті. Бүгінде барша әлем аузынан суы құрып, қарайтын дәрежеге жетті. Олардың елді басқару жүйесіндегі қажетті жақтарын алайық. Алайда, артық кеткен, шекарадан асқан, қазақы менталитетке, шеберге келмейтінін алмайық. Осы жағын реттеп, жүйеге келтіріп алу аса маңызды деп білеміз.

ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ

2024 жылдан Ұлттық қордың 50%-ы әр баланың есепшотына аударыла бастайтын көрінеді. Бұл процесс 18 жасқа дейін жүзеге асып отырмақ. Бұған әрбір ата-ана қуана қарайтыны анық. Сонымен қоса, көмелеттік жасқа жеткенде банктік есепшотыңызда қаржы болғаны кім-кімге де үміт сыйлайтыны айқын.

Біз ойымызды сәл әріден қаузадық. Әлгінде айтқанымдай, шетелдің озық тәжірибесін бағамдап көрелік. 2009 жылдары Германияда бір жеке жағдайыммен болдым. Біршама уақыт солардың өмір сүру дағдысына зер салдық. Сонда әлеуметтік жағдайды қатырып жасап қойған сияқты. Егер неміс отбасында үлкен қария болса, құт екен. Мұның экономикалық астары бар. Яғни медбике өз үйінде қария ата-анасы немесе әжесін бақса, үстемақы алады. Мәселен, 3000 еуро айлық алса, ол 2 еселенеді. Сөйтіп, 6 мың еуроға көтеріледі. Ал енді бақпай көріңіз?! Бәрін реттеп қойған.

Біз ерте кезден Қазақ елінде өндіріс орындарын ашу қажеттігін айтып келеміз. Шикізатты шетелге сата берудің түбі немен тынары айтпаса да түсінікті. Ішкі нарыққа ештеңе өндірмесек, онда ертеңгі күн мұн. Бұйырса, Қытай өз портын елімізге бергелі тұр. Аспан асты елі арқылы әлеммен саудасаттық жасайтын халіміз туып қалар. Содан үміттенеміз.

Алдағы уақытта Қазақстанға кем дегенде 2 мұнай өңдеу зауытын салу қажет. EURO-4

стандартына сай болғанын қалаймыз. Бұл заманауи зауыт болса, мұнайды шикілей сатпай, өндесек, түрлі бұйым шығарсақ, елге көл көсір пайда болар еді. Бізде КСРО-дан қалған 3 зауыт бар. Оның Атыраудағысы істен шығып тұрғанға ұқсайды. Қайтсін, әбден ескірді ғой. Оған өкпе бола қоймас. Өндіріс экономикаға қан жүгіртерді. Экспорт артса, импорт азайса жақсы деп білеміз.

Қазақ жерінің асты-үсті бай. Оған шүбә жоқ. Жаратқан берген байлықты ақыл-парасатпен әділ үлестірейік. Әлгі 162 адам ел байлығының 55%-ын ұстап отырғаны киналтады. Сонымен бірге, әрбір металлургия комбинаты, темір, көмір шахтасы, мұнай мен газ, уран өндіретін кен орындарын өзіміздің азаматтар қолға алуы тиіс. Уағында шетелдікке бердік. Ендігі жерге мемлекет құраушы ұлттың үлесі басым болғай. Ата-бабадан қалған алтын сандық өзгеге бұйырмаса екен.

Біз әл-ауқатымызды Араб эмиратынан әлдеқайда жоғары ете аламыз. Қолға алына-тын шаруа шаш-етектен. Осы бағытта талмай еңбек істей білсек, бәрін басып озамыз.

АШЫҚ ҚОҒАМ

Қазақстанда әділдік, ашықтық, жариялылық туралы жақсы бастамалар көтеріліп келеді. Бірқатары жүзеге асып та жатқан жағдайы бар. Сенім мол, үміт зор. Осы бағытты таңдадық па, кері шегінуге болмайды. Алда Мәжіліс, мәслихат сайлауы өткелі тұр.

Ең өзекті дүние – жігерлі жастарды өсіру қажет. Олардың потенциалын елге жұмсайық. Ыңғайы келсе, шетелде кәсіпті дөңгелетіп, әр салада үздік нәтиже көрсетіп жүргендерді шақырайық. Сырттағы жастарымызды елге алдырып, қайтып Қазақстанды өркендетеміз принципі ұстана-йық. Жас азаматтар, соның ішінде білгір маман, қолынан іс келетіндерді билік бұтақтарына ыңғайлап, тәрбиелеп қоюымыз керек. Сонда ғана қоғам жаңарады.

Алысқа ұзамай, өз басымыздан мысал айттайық. Менің қызым Ұлыбританияда 2 жыл магистрлік білім жинады. Жарнама саласының қыр-сырын игерді. 3 жылдан бері елде. Десе де, мардымды жұмыс жоқ. Жалақы көлемі айтпаса да түсінікті. Сәуірде тағы да шетке бармақшы. Қарсы болмадым. Бірақ 4-5 жыл тәжірибе жинақтап, қайтып келуі керек. Қазақ өзіміз дегенде қаншыл халықпыз. Осындай жағдайдың алдын алып, жастарды осында өркендету керек. Жұмақ мекен ол – Қазақ топырағы. Осыны ұмытпайық.

P.S. Біз Қазақ елінің дамыған державалар санатына енгенін көксейміз. Ізгі һәм басты ниетіміз де сол. Отаншыл жандар ғұмыр кешетін әділ қоғам орнағанын қалаймыз. Өйткені, ата-бабадан қалған байтақ жер, ұлан-ға-йыр алқап – қазақтың баға жетпес байлығы.

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АЛМАТЫ МЕКТЕБІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМА

Алматылық педагогтар кадрлық әлеуетті дамыту бағдарламасы аясында бас қосты

Қаламыздағы 50 мектептің басқару командалары «Басқару және көшбасшылық: таяуда даму мектебі» кәсіби қайта даярлау бағдарламасының халықаралық дипломдарын алды. Қалалық әкімшіліктің қолдауымен 50 білім беру ұйымының 150 басшысы өткен жылдың мамыр–желтоқсан айларында «Алматы мектебі» бағдарламасын іске асыру аясында тағылымдамадан өтті.



Басқарушы командалар 10 ай ішінде менеджмент, көшбасшылық, экономика және қаржы, өзгерістерді басқару, цифрлық білім беру, білім беру бағдарламаларын жобалау және білім беру саясатының трендтері саласында құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған жеті күндізгі оқыту модулінен өтті. Сонымен қатар, аталмыш бағдарламада оқытудың әртүрлі форматтары қолданылды. Мәселен, интерактивті презентациялар, топтық жұмыстар, тьюторлық сүйемелдеу, қатысушылардың кейстерін көрсету және шақы-

рылған спикерлердің қонақ дәрістері сияқты оқыту түрлерін қолданды.

Оқыту барысында басқарушы командалар өз ұйымдарын дамыту бағдарламаларын және оларды енгізу жөніндегі даму жобаларын әзірледі. Олар өздері әзірлеген мектептерді дамытудың үш жылдық бағдарламаларын Алматы қаласының білім басқармасы және білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының сарапшыларының қатысуымен қорғады.

Қайта даярлау бағдарламасының авторла-

ры мен тәлімгерлері – Финляндия, Германия, Эстония, Ресей мен Қазақстанда кеңінен танылған практиктер болды. Оқыту барысында барлық қатысушыларға сарапшылар тьюторлық қолдау көрсетті. Осылайша жаңа құзыреттер бойынша модульаралық онлайн-курстарға қол жетті. Алматы мектептерінің басшылары алғаш рет халықаралық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алды.

Өткен жылғы 2–8 қараша аралығында Алматы мектептерінің 50 директоры Финляндия мен Эстонияда тағылымдамадан ашық сабақтарға қатысып, инновациялық мектептер, университет және Хельсинки балабақшаларындағы фин жүйесінің феноменімен танысты.

Аталмыш бағдарламаның операторлары – Хельсинки университетімен серіктес EdCrunch Academy (Қазақстан) заманауи білім беру институты, «НЗМ» ДББҰ, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, «Экономика жоғары мектебі» НИУ және ЭЫДҰ (PISA) болды.

ОЛИМПИАДА

ЖӘУТІКОВТІҢ ЖҮЙРІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Әлемнің есепке жүйрік балалары 1–10 ақпан аралығында дәстүрлі XIX Жәутіков олимпиадасында бас қосты. Аталмыш олимпиада алғаш рет Алматы қаласында 2005 жылы Білім және ғылым министрлігінің бастама-сымен өткізілген еді.

Атағы тек өз елімізде ғана емес, әлемге әйгілі О.Жәутіков атындағы физика-математика мектебінің базасында математика, физика пәндері бойынша өтетін білім бәсекесіне соңғы жылдары информатика пәні қосылып, ауқымы кеңейді.

Осынау білім бәсекесі арқылы әлемнің алғыр балалары жыл сайын Алматыда бас қосып, ұлы достық салтанат құрады. Жалпы, бірде-бір мемлекетте білімнің патшасы атанған математика, ақыл-ойдың кені болған физика, таланттарды танытатын информатика сынды үш бірдей күрделі пәннен өтетін олимпиада жоққа тән. Олимпиаданың басты ерекшелігі де осында.

Сонымен, биылғы жылы Жәутіков олимпиадасына әлемнің 26 елінен 1200-ден аса оқушы, 281 команда қатысты. Байқау шартына сай әр команданың құрамына 3 математик, 2 физик, 2 информатик кіреді. Оншақты күнге созылған биылғы олимпиаданың тапсырмалары аса күрделі, есепті жаңақша шағатын балаларға математика пәнінің есептері қиын болған сынайлы. Дегенмен, Алматы қаласының атынан қатысқан оқушыларымыз олимпиада қорытындысы бойынша 9 жүлделі орынға ие болды. Сонымен, Жәутіков олимпиадасының Физика пәні бойынша күміс медаліне:

«Мирас» мектебінің 11-сынып оқушысы Досжан Бисембі, №165 мамандандырылған лицейдің 11-сынып оқушысы Никита Наконечный, №165 мамандандырылған лицейдің 10-сынып оқушысы Марғұлан Нұрсағатов ие болды.

Олимпиаданың қола медаліне: информатика пәні бойынша «Хейлибери Алматы» мектебінің 12-сынып оқушысы Нұрмын Айбек, математика пәні бойынша «Хейлибери Алматы» мектебінің 12-сынып оқушысы Батырхан Сәкенов, физика пәні бойынша «Хейлибери Алматы» мектебінің 12-сынып оқушысы Әкежан Шахабдин, математика пәнінен «Мирас» мектебінің 11-сынып оқушысы Назар Еркінбай, информатика пәнінен №165 мамандандырылған лицейдің 11-сынып оқушысы Диас Аспандияров, математика пәнінен «Тамос Эдьюкейшн» физика-математикалық мектебінің 10-сынып оқушысы Санжар Байдаулетов ие болды.

ОҚИҒА



Балалар қауіпсіздігі – басты назарда

Алматыдағы барлық мектептің қауіпсіздігі тексерілетін болды. Бұл қадамға күні кеше Петропавл қаласындағы №4 мектепте болған жантүршігерлік оқиға себеп болып отыр.

Оқиға былай болған көрінеді. Осы мектептің 9-сыныбында оқитын оқушы мектепке балта мен пышақ әкеліп, жоғары сынып оқушыларына шабуыл жасаған. Нәтижесінде екі оқушы басы мен білегінен жарақат алып, ауруханаға түссе, үшінші оқушыға сол жерде медициналық көмек көрсетілді. Кәмелет жасына толмаған бала оқиға орнында ұсталып, қазір тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Дегенмен, бұл оқиға қалың көпшілікті, әсіресе ата-аналарды қатты алаңдатып отыр. Бұл мәселе үкімет отырысында да сөз болып, Премьер-Министр Әлихан Смайылов аталған оқиғаның келешекте қайталанбауы үшін бірнеше министрлікке тапсырма берді.

«Бұл өте қауіпті жағдай. Халықтың арасында үлкен алаңдаушылық тудырды. Балалардың қауіпсіздігіне алаңдамайтын отбасы жоқ. Мектептің ішінде де қауіп барын көріп отырмыз. Сондықтан бұл мәселені қайта қарап, оқу орындарына тексеру жүргізу қажет», – деді үкімет басшысы. Сондай-ақ, ол бейнекамералардың санын көбейтіп, мектепке кіреберіс жерлерде бақылауды күшейту мәселесін қарау керектігін айтты. «Ішкі істер министрлігі келісілген ұсыныстарды енгізісін. Денсаулық сақтау министрлігі зардап шеккен балаларды емдеуді ерекше бақылауға алсын. Оқу-ағарту министрлігі Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп, қауіпсіздік сабақтарын әзірлеуі қажет. Балалар әртүрлі жағдайда өздерін қалай ұстау керектігін нақты білуі тиіс», – деді ол.

Жалпы, жағдай қазір үкіметтің басты назарында. Сондықтан Оқу ағарту министрі арнайы тапсырма беріп, еліміздегі барлық мектептердегі қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауды тапсырды. Енді мектептердегі күзет пен тәртіп күшейтілетін болды. Бұған барлығымыз да түсіністікпен қарауға тиіспіз. Өйткені, бұл балалардың өмір қауіпсіздігі үшін жасалып жатыр.

Жалпы, Алматы қаласындағы барлық мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау камералары мен дабыл түймелері орнатылған.

ЖЕҢІЛДІК

Отан да керек, оқу да керек

Ендігі жерде мерзімді әскери қызметін өткерген жастарға кеңінен жеңілдік жасалғалы отыр. Отан алдындағы борышын өтеген жастардың әрі қарай білімін жетілдіріп, мамандық алуы үшін 40-тан астам жоғары оқу орны қабылдауға дайын.

Жалпы, біздің елімізде ҚР Қарулы күштерінің құрылымдары қатарында мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтар үшін жоғары оқу орындарына түсудің жеңілдіктері қарастырылғаны белгілі. Мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды оқыту үшін үш мың орын беру жөнінде келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, сарбаздар әскери қызметтері аяқталғаннан кейін ҰБТ-дағы көрсеткіштеріне қарамастан, екі жыл ішінде ақылы негізде де ЖОО-ға оқуға түсуге мүмкіндіктері бар.

Жауынгерлік даярлықта, жүктелген міндеттерді орындау жолында жоғары нәтижеге қол жеткізіп, үлгілі әскери тәртібімен ерекшеленген әскери қызметшілерге ҰБТ тапсырмай-ақ, ЖОО есебінен оқу құқығы беріледі. Сондай-ақ, оқу орнының әскери кафедрасында емтихансыз, тегін оқуға болады. Мәселен, офицер шенін алғысы келсе, онда әскери кафедрада білім алып, лейтенант атануына болады.

Ең бастысы, осы жеңілдіктерді пайдаланғысы келетін жастар тиісті құжаттарды жоғары оқу орындарына дер кезінде тапсыруы керек.

ТЕХНОЛОГИЯ ТӘМСІЛІ

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТЫҢ ТАБЫСЫ



Қазақтың осынау қаршадай қызының есімі қазір әлемнің бірнеше еліне мәлім болды. Оның тапқан жаңалығы мен зерттеп жүрген саласының ғылым үшін берері көп. Сондықтан жас ғалымның ашқан жаңалығына тек біздің еліміз ғана емес, әлем жұртшылығының да қызығушылық танытып жатқаны тегін емес.

Шолпан Аманкелді қазір қаламыздағы Оқушылар сарайының ғылыми-техникалық шығармашылық бөлімінде білім алып жүр. Шәкіртінің бойынан ерекше дарындылықты байқаған ұстазы Владимир Райс оның болашағынан зор үміт

күтеді. Әрі Шолпанның жобаларының келешекте ел игілігі үшін қызмет ететініне де сенімді. Шолпан қаламыздағы №138 гимназияның 10-сыныбында оқиды. Оқу үлгерімі де өте жақсы.

Зеректігі мен ерекше қабілетінің арқасында Оқушылар сарайының ғылыми-техникалық шығармашылық бөлімін де қатар алып келе жатыр. Жақында Шолпан «Digital Almaty – 2023» халықаралық форумына қатысты. Осы форумға қатысқан әлемнің 30 елінен келген халықаралық және Қазақстандық IT-қоғамдастық өкілдеріне Шолпан өзінің шығармашылығын таныстырған еді. Бұл жолы Шолпан «CubeSat» (наноспутник) жобасын көрсетті.

Шолпанның жаңалығынан құлағдар жұртшылық оның бұл жобасына аса қызығушылық танытты. Тіпті, әлемнің мықты деген ғалымдары Шолпанмен бірлесе еңбек еткісі келетіндіктерін ашық айтты. Олардың айтуынша, Шолпанның ашқан жаңалығының келешек үшін маңызы зор, сондықтан өздерінің ынтымақтаста болуға ықыласты екендіктерін білдірді. Жалпы, мұндай жобалар аса ыждағаттылықты талап етеді. Жас өнертапқыш өзінің ашқан жаңалығын дәлелдеді. Енді ол патент иесі атанады. Шолпан мен оның ұстазы Владимир Райстың айтуынша, аталмыш жобаны жалғастыру кезінде сараптамалық баға жинау өте маңызды көрінеді.

– Менің алға қойған мақсатым көп. Қазір сол армандарға қол жеткізу үшін жан-жақты ізденіп, білімді шыңдап жатырмын. Болашақта еліміздегі инновациялық технологиялар саласын дамытқым келеді. Аталмыш саланы цифрландыруға, автоматтандыруға, роботтандыруға көшіп, Еуразия кеңістігінде жоғары технологиялық өндірістерді дамытсам деймін, – дейді жас өнертапқыш Шолпан Аманкелді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

САНА ТАЗАРМАЙ, ҚАЛА ТАЗАРМАЙДЫ

Алматыда қала тазалығын қадағалау ісі жүйелі жолға қойылған. Жылдың төрт мезгілінде де тынымсыз еңбекті қажет ететін тазалық жұмыстарына мегаполисте «Алматы тазалық» мекемесі жауапты. Қала тазалығына байланысты бірқатар сауалдарға жауап алу үшін аталмыш мекеменің басшысы Әділет Қайратұлы ТОҚТАСЫНОВ мырзаны әңгімеге тарттық.

Тазалық мәселесі біз үшін алдыңғы орында

– Әділет Қайратұлы, сіз басшылық жасайтын мекеменің қандай жұмыстармен айналысатыны атында тұр. Дегенмен, «Алматы тазалық» МКК-ның атқаратын қызметі жайында кеңірек әңгімелеп берсеңіз...

– «Алматы тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Алматы қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес құрылған. Құрылтайшысы – Алматы қаласының әкімдігі. Ал кәсіпорынды басқаратын орган Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы. Негізгі қызметі, өзіңіз айтпақшы, қаланың көше-жол желісін күтіп ұстау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру. Мәселен, қыста – көшелерді қардан тазарту, көктайпақтың алдын алу үшін жолдарды инертті материалдармен өңдеу, кейіннен оларды тазалау, ал көктем, жаз, күз айларында жолдар мен жол жиектерін қоқыстардан, қураған, шабылған шөптерден тазалау, тротуарларды жуу секілді тазалық жұмыстарын жүргізеді. Нақты айтқанда, кәсіпорын жолдарды пайдалану ережелерінің талаптарына сәйкес келетін жұмыстар кешенін орындайды. Ірі қалалардағы тазалық жұмыстары коммуналдық қызметтердің күнделікті атқаратын жұмысы, тіпті, міндеті десем де болады. Кейінгі жылдары шаһардың ауқымы кеңейіп, күн санап қарыштап дамуда. Сондықтан тазалық мәселесі біз үшін алдыңғы орында.

Кәсіпорын Алматы қаласының 7 әкімшілік-аумақтық ауданындағы ұзындығы 1657 шақырым, яғни жалпы ауданы 17,6 млн м² (қаланың жалпы аумағының 70%), жаяу жүргіншілер аймақтары, тротуарлар және ұзындығы 867 шақырым, ауданы 2,1 млн м² болатын велосипед жолдарына тазалық жұмыстарын жүргізеді.

– Алматыға қар түскеннен бастап көшеде қарбалас басталады. Бұл сәтте жолдарды тазалап жатқан жұмысшыларды жиі көреміз. Бір байқағаным, кейінгі кездері жүргізушілер көліктерін көше бойына жағалай қоятынды шығарған. Осындай көліктер жиі тоқтайтын жолдарды қардан қалай тазартасыздар?

– Бұл мәселе мекеме үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Қазіргі таңда оны қалалық Жол полициясы басқармасымен бірлесіп пысықтап жатырмыз. Тазалық жұмыстары кезінде автокөлік жүргізушілерінің көліктерін кейбір көшелерден шығаруға тура келеді. Ол үшін біз эвакуаторларға алдын ала тапсырыс береміз. Бірақ көліктердің барлығын қысқа мерзімде алып тастау мүмкін емес. Себебі, оған қалыңдай уақыт керек. Эвакуаторлар да аз дегендей...

Айтпақшы, мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, қала әкімдігі мен жол полициясы бөлімінен көшелердің жекелеген санаттарында жүп және тақ сандар бойынша автотұрақтарды ұйымдастыру мәселесін қарастыруды енгізуді сұраймын. Өйткені, бұл әдіс қыста көшелерді (әсіресе, қар жауған кезде) қардан тазарту уақытын қысқартуға зор мүмкіндік береді.

Техника жеткілікті

– Осы қала көшелерінен жиналған қарларды қайда шығарасыздар? Естуімізше, қарларды ерітеді дейді? Бұл қаншалықты рас?

– Қала көшелерінен шығарылған қар үйінділері арнайы қар төгетін орындарға жеткізіледі. Мұндай орындар қаланың аудан әкімдіктерімен белгіленіп, бөлінген. «Халық айтса қалт айтпайды» дейді ғой. Рас, қазір қала ішінде стационарлық қар ерітетін зауыт салу мәселесі қарастырылып жатыр.

– Көшелерді уақытылы тазалауды қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның мүмкіндігі қандай? Техникаларыңызды қаншалықты жиі жаңартасыздар?

– Мекеменің балансында өндірістік базалар мен жер



телімдерін қоса алғанда ірі өтімді активтер бар. 700-ден астам мамандандырылған жабдықтармен қамтылған. Олардың қатарына жоғары технологиялық, әмбебап және қымбат машиналарды қосуға болады. Өздеріңіз де байқаған шығарсыздар, қарды тасымалдауды және оны тиеуді жылдам жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шнегі бар «Jetbroom» деген қар тазалағыш машина бар. Тротуарларды сыпыратын «PONY» машинасы, «Дулево» деген шаңсорғыш көліктеріміз қала көшелерін тазалап жүр.

Кәсіпорынның машиналар мен механизмдер паркі жыл сайын жаңартылып отырады. Тозығы жеткендері есептен шығарылады да, олардың орнына өндірістік сипаттамалары жоғары жаңа жабдықтар сатып алынады. Жабдықтардың бір бөлігі кәсіпорын есебінен сатып алынады. Көліктерді сатып алуға немесе жаңартуға жергілікті бюджеттен де қаражат бөлінеді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Тазалық баршамызға ортақ

– Мекемеде қанша адам жұмыс істейді?

– Компанияда 1500-ден астам адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың негізгі санаты – жол жұмысшылары, жүргізушілер мен механизаторлардан тұрады. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұл мамандықтар бойынша қызметкерлерді жасақтау біліктілігі төмен. Жұмысқа қабылданғандардың көбі Алматыда тұрақты мекенжайы жоқ, қала шетіндегі ауылдардан (Алматы облысы) келгендер. Жол жұмысшыларының жалақысы шамамен 150–170 мың теңге (салық міндеттемелері шегерілгенге дейін есептеу), жүргізушілер мен механизаторларға 220–260 мың теңге (техника түріне және жүргізуші санатына байланысты) жалақы төленеді.

Қазіргі уақытта тиімді шарттармен жұмысқа орналасуға мүмкіндік көп. Осыны түсінген жұмысшылардың көбі тазалық жұмыстарына көп тұрақтамайтын болды. Мекемедегі басты мәселе осы. Жоғарыда айтқанымдай, жол жұмысшыларының біліктілігі төмен санатқа жататынына қарамастан, жұмысы күрделі. Кез келген ауа райы жағдайында көшеде жұмыс істеу әркімнің қолынан келе бермейді. Қазіргі таңда ешқандай жоғары білім алмай-ақ, өзіңізге ыңғайлы жұмыс кестесін таңдап алып, көп ақша табуға болады. Тауарларды жеткізетін курьер немесе жеке жүк көлігі ретінде жұмыс істеп, жол жұмысшыларынан артық ақша таба аласыз.

Жұмысшыларымызды ынталандыру үшін кәсіпорын есепті кезеңнің қорытындысы бойынша және еңбек сіңірген жылдарына қарай жылына бір рет өндірістік сыйлықақы береді. Өкінішке қарай, кәсіпорында жұмысшылардың тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз ететін басқа жол болмай тұр.

– Соңғы уақытта қала тұрғындары тарапынан әлеуметтік желілерде «көшелер дұрыс тазаланбайды, жұмыстар уақытылы жүргізілмейді» деген шағымдар жиілеп кетті. Бұған не айтасыз?

– Шаһардың санитарлық тазалық жұмыстары күнделікті әрі үздіксіз жүргізіледі. Халық жол жұмысшыларының таңсәріден көшелерді тазалап жататынын байқамауы мүмкін емес. Сондықтан әлеуметтік желідегі шағымдарды мекеменің немесе тазалықшылардың дұрыс жұмыс істемеуінен деп айта алмаймын. Өрине, кемшілік қай кезде де болады. Оны жасырмаймыз. Дейтұрғанмен, сана тазрмай – қала тазрмайды. Тазалық – баршамызға ортақ. Осыны көпшілік түсінсе екен деймін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Сұхбатымыздың бейнежазба түріндегі толық нұсқасын «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан тыңдай аласыздар.

НЕ?

«Ақтастағы Ахико»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Авторы: Мәдина
Омарова.
Қоюшы-режиссері:
А. Маамиров, Қазақ-
станның еңбек сіңірген
қайраткері.
Күні мен уақыты:
24 ақпан, 18.30.



ҚАЙДА?

«Бірге болу сезімі» көрмесі

Өтетін орны:
Әбілхан
Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік
өнер музейі.
Күні мен
уақыты: Көрмені
ақпан айының
22-сіне дейін
тамашалай
аласыздар.



ҚАШАН?

«Анна Каренина»

Өтетін орны:
Абай атындағы
мемлекеттік опера және
балет театры.
Спектакль бір үзіліспен
өтеді.
Күні мен уақыты:
2 сағат. 19-20 ақпан,
19.00.



САУАЛНАМА

Бір танысымыз анасының «жетілігіне» Құран оқытпақ ниетпен мейрамханаға ас берді. Айтылған уақытта бардық. Кісі қарасы көп. Тіпті, үстел басына сыймай жатырмыз. Біздің қарсымызда отырған әйел жанында бос тұрған үш орындыққа жайғасқысы келіп таяй берген адамдарға «бұл орындар бос емес, қазір кісі келеді» деп кері қайтарып жатыр. Соңғы келген келіншек не отырарын, не отырмасын білмей қысылып қалды да: – Сұмдық-ай, бірінші рет естіп тұрмын, қазаның дастарханына да орын алып қоятынын! – деді. Иә, бұл той емес, жақын-жуықтар жиналатын. Әлгі келіншектің көңіл айтуға келген бейтаныс адамдардың ортасында өзін жайсыз сезініп тұрғаны білініп тұр. Сосын ашу шақырған болар. Шынымен де, біз неге осы кешігіп жүреміз? Және ол әдетімізді әзіл-шыны аралас «қазақпыз ғой» деп ақтап алатынымыз ше? Неге бізге кешігу таңсық болмай бара жатыр?



«КЕШІРІҢІЗ, КЕШІГІП ҚАЛДЫМ...» немесе осы біз неге үнемі кешігіп жүреміз?



Нұржамал
ӘЛШЕВА



«Әдейі кешігіп барамын»

Мейрам ШӘКИҮЛЫ,
өнер өкілі:

Адамның қандай да бір іс-шараға кешігіп немесе уақытымен баруы ол өзін-өзі төмен немесе асыра бағалауынан (комплекс) болатын қоғамдағы (қазаки менталитетімізде қалыптасқан) іс-әрекет деп ойлаймын. Маған қажетті орта, өмірге қажетті тәжірибе алаңы болса, уақытымен барамын.

Жалпы, той-томалақ, ырду-дырду, арзан сөздер, жасандылық басым жерлерден алыс жүремін. Кешігу, кешікпеу – мен үшін маңызды емес, мен үшін маңыздысы – өз қалауым ішкі кедергілерге тап болса, әлдебіреулердің ықпалымен баруға тиіс жерлерге әдейі кешігіп барамын.



«Қазақпыз ғой!»

Римма АРАЛБАЙҚЫЗЫ,
тәрбиеші:

Қызық сұрақ екен. Бұрынғы жұмыс орнымда үнемі ұйықтап қалатын қыз болып еді, бастықтың жақын туысқаны. Әлде туысы бастық болғанын, сөйте ме, қайдам. Үнемі кешігіп жүреді. Бірақ ондай адамның жұмыста да берекесі болмай, сүйкімі кететіні анық. Кешігіп жүретіндерді ұнатпаймын. Әсіресе, тойға кешігіп келетіндер туралы айтсам, үстіндегі қымбат көйлегін, өзін, барын көрсету үшін әдейі, елдің бәрі жиналып біткенде жарқ етіп кіріп келу үшін кешігіп келетіндерді көрінеді маған олар. Менің таныстарым көп, кешігіп жүретін, әсіресе, тойда. «Қазақпыз ғой» дейді. Сосын «той бәрібір сол уақытта басталмайды» деп, сен де кешігуге бейім тұрасың. Тойханада отырып күтуге кеткен уақыттың үйдегі ұсақ-түйік шаруаларыңды тындырып алуға, балаларыңа кешкі ас-суын дайындап қоюға арнаған әлдеқайда тиімді деп ойлаймын.

«Уақытында бару да – үлкен мәдениет»



Гүлнар МАҒЗҰМОВА,
фрилансер:

Мамандығым журналист болғандықтан, түрлі кездесулерге, жиындарға кешікпей, уақытында барамын. Өйткені, кешігіп барып тұрсаңыз, «өзі кешігіп жүрген адам елге қандай ақпарат береді» дегендей, сізге деген сенімі азаюы мүмкін.

Қонаққа, тойға да уақытында барамын. Рас, бұрын шамалы уақыт кешігіп баратын әдетім болған. Себебі, сағат 18.00-де басталады деген тойға сол уақытта барып алып отырсыз, ал той 20.00-де бір-ақ басталады. Екі сағатыңыз босқа кетті деген сөз бұл. Ал қазір отағасының тәртібімен жүретін болғанбыз. Ол кісі кешігіп басталсын, мейлі, дәл уақытында баруды талап етеді.

Уақыттан ертерек барып алған да дұрыс емес. Себебі, қонақ күтіп жатқан адам уақыт таяғанда жан-жағын жинастырып алуы керек қой. Егер алыстау жерге қонаққа жиналып, кешікпес үшін үйден ертерек шығып қойсақ, сол маңдағы дүкенді аралап немесе саябақта қыдырып жүреміз таза ауа жұтып. Шақырылған жерге уақытында барудың өзі үлкен мәдениет деп білемін. Ол – сізді құрметтеп шақырған адамыңызды сыйлау.

Біз, әйелдер қонақ шақырғанда бар дәмді, тәттімізді дастарханаға жаңа дайындалған күйінде қойғанды жақсы көріп тұрамыз. Ал себебін де айтпастан кешігіп келетіндерді мүлдем түсіне алмаймын. Әсіресе, мейрамханадағы орындардың санаулы екенін де біле тұра, баратын-бармайтынын айтпайтын адамдарды мүлдем түсінбеймін. Өзім кешігіп келгенде болып жатса, міндетті түрде алдын ала айтып қоямын. Ол да үй иесін сыйлау, құрметтегендік деп білемін.




«Жол қырсығы деген болады»

Айбар ТҮНҒАТАР,
еңбек адамы:

Мен кешікпеймін. Күн суытып, жол тайғақ болса, оны да, кешкі кептелісті де қоса есептеп, уақытында баруға тырысамын. Баяғыда апам «жол қырсығы деген болады, ерте шығындар» деп отыратын. Той жасау оңай емес кім-кімге де. Тойға неше күннен бері дайындалып жүрген жандардың моральдық тұрғыда шаршап жүретіні бар, оған тойдың бастала қоймайтынын қосыңыз, оның бәрі адам жүйкесіне салмақ қой.

Кешігуді де әдетке айналдырып алғандар бар. Еврейге ақылды, неміске ұқыпты болуды, ал бізге үнемі кешігіп жүруді жазып қойғандай. Әрине, кешігу ұлтқа тиесілі емес екені белгілі. Бірақ біздің қазақтың маңдайына жазылып қойғандай. Бірақ ол біреудің уақытын қадірлемеу деп білемін.



«Болмашы сылтау айтатындар бар»

Айнұр БАЛАУБАЕВА,
кітапханашы:

– Мен баратын жеріме, мейлі той, мейлі әлдебір кездесулер болсын, ешқашан кешікпеймін. Себебі, оның болатын күні алдын-ала белгіленгендіктен, сол күнгі жоспарымды да соған ыңғайлап реттеп қоямын. Таныстарым бар үнемі кешігіп жүретін. Оларға әдет болып кеткен. Және де онысы үшін ұялып, қысылып тұрғандарын да көрмеймін. Айтатын нақты себептері жоқ болса, тіпті ренжисін. Бұл әдет кешіккені үшін жәй болмашы сылтау айтатындардың қанына сіңіп кеткен-ау, сондықтан қоя алмайды деп ойлаймын. Үнемі кешігіп жүретіндер өзінен басқаның уақытын да, көңілін де ойлап жүресе деген тілек бар менде.

P.S. Ал сіз ше, құрметті оқырман, кешігесіз бе? Кешігіп жүретін адамдар туралы қандай пікірдесіз? «Кешігуден» қазақты қалай арылтуға болады? Ой бөлісе отырыңыз.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Қаныш»

Өтетін орны:
Барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.
Режиссері: Ерлан Нұрмұхамбет.
Күні мен уақыты:
20 ақпан,
13.30, 15.40, 17.30,
19.00.



«Жүрек тыныштығы»

Өтетін орны:
Республика сарайы.
Әртістер:
Бағжан Октябрь.
Тұрақ: Бар.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шектеулері: 7+.
Күні мен уақыты:
27 ақпан, 20.00.



«Үйшік»

Өтетін орны:
Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры.
Автор: Е.Локшина.
Режиссер: А.Зайцев.
Тұрақ: Бар.
Күні мен уақыты: 18 ақпан,
12.00.
Әзірлеген
Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауға қатысты №3, 4 және 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 89-бабы 4-3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
3	Темирханов Мурат Рахжанович	1964	Жеке кенесші, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
3	Базилон Куанышкелді Нурланович	1964	Бас маман, АҚ «Проблемалық кредиттер қоры», тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Бәдігул	1970	Жұмыссыз, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; Қазақстан халық партиясы, қазақ
3	Тілешев Талғат Шаймерденович	1971	Директор, «Business Hotel Almaty» қонақүйі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Абдраймов Ербол Аманжолович	1971	Басшысы, «Малтабу.КЗ»сайты, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; ХДПП «Ауыл», қазақ
3	Жіенбаев Ерулан Әсентайұлы	1973	Директор, «Digital Academy Elab Asia» ЖШС, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Нұрлыбаев Руслан Ергалиевич	1987	Директор, «SAVENERGY» ЖШС, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanab» партиясы, қазақ
3	Слямбаев Жарқын Қусманович	1970	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Ширакпайқызы Жанар	1968	Диретор, ЖК «BIRLIK» Оқу орталығы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Султанов Далелхан Қыдырмоллаевич	1961	Төраға, Алатау ауданы жергілікті өзін-өзі басқару органы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
3	Жанысбай Талғат Сағатұлы	1987	Директордың орынбасары, №136 мектеп-гимназиясы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Адайбаев Батыр Жарасович	1970	«Sed Lex» ЖШС, серіктес, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Абдрахманов Серик	1951	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Астана қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Бокаев Санжар Омарович	1982	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
1	Әбдуәли Ербол Әбдісахиұлы	1987	ЖШС « Аван қурылыс», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, қазақ
1	Таранов Харсан Кызасевич	1965	ЖШС «Платиновый сад», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, қазақ
1	Альжанов Жәкымұхан Орынбекович	1961	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
1	Кожанов Жасулан Ертаевич	1986	ЖШС «Қаз ЖШП және ЖШП ФЭИ», жылқы шаруашылығы бөлімінің ғылыми қызметкері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, ХДПП «Ауыл», қазақ
1	Әбілқайыр Олжас Ерсарыбекұлы	1983	ЖШС «Invento Group», департамент басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
1	Шамова Арайлым Мәтжанқызы	1988	КММ «№201 мектеп-гимназиясы», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, қазақ
2	Аманбаев Сабыт Шаяхметович	1961	КАО «ҚРА автокөлікшілер одағы» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, ҚХП партиясының мүшесі, қазақ
2	Құрымбаев Болат Токтобаевич	1963	Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан Ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партиялығы жоқ, қазақ
2	Толысбаев Орынбасар Избасарович	1965	Қазақстан Республикасы «Желтоқсан-86 Туелсіздік қырандары» ұйымы, заңгер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партиялығы жоқ, қазақ
2	Сергеев Владимир Сергеевич	1991	СӨК «Ожет» ЖШС» Пайда-2», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, орыс
2	Джангеліев Дастан Темираліевич	1985	ЖШС «Қазавтожол», акционер ЖШС» Valtherm», бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, қазақ
3	Йылмаз Сафарәуль	2000	РҚБ «Ассамблея Жастары», төраға орынбасары, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, түрік
3	Бекенова Гульжан Мирзалиевна	1973	КММ «№204 Жалпы білім беретін мектебі», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясының мүшесі, қазақ
3	Тайтәлиев Қуат Мірохабович	1983	ҚДСБ ШДЖК «Муниципалды желел жәрдем қызметі», меңгеруші, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
3	Қалдықұлова Алмагуль Карашевна	1977	ЖШС «ADAL KYZMET GROUP», директоры, қазақ, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партиялығы жоқ
4	Сиранов Алмас Бағитжанович	1977	«ERG Ғылыми-зерттеу инженерингтік орталығы» ЖШС, жоба жетекшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
7	Кобеева Алтынай Орманқалиевна	1972	Ақпараттық-ресурстық орталық, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
7	Мухтаров Равкат Шаукетұлы	1994	Ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, ұйғыр
7	Оразбаев Жанғали Асембекович	1987	Фармакология кафедрасының ассистенті, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
7	Тоғанбаев Ерлан Султанович	1962	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Германиядағы кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісім-шарты әскерінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы филиалы, қазақ
7	Болекбаев Жумағазы Қалиақпарович	1972	ЖШС «ASTANA POLIMER GRUPP», директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Ақ жол» ҚДП партиясы, қазақ
7	Ажібеков Дархан Сайранович	1976	Әлеуметтік мекеме түлектерін бейімдеу және қолдау орталығы «Жастар үйі» КММ, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
8	Қонысбек Азат Құсмаұлы	1961	«Имаго» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
8	Байғуттинов Серікжан Қадралинович	1962	«Үстаз» қалалық кәсіподақ директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
8	Адилбеков Асылбек Асаевич	1987	«MAX-NRG» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
9	Ахметов Бектурган Султанғалиевич	1983	Алматы құрылыс техникалық колледжі директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
9	Жаксылық Айгерім Жаксылыққызы	1993	Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқытушысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
9	Шекутеев Александр Ергалиевич	1993	ЖШС «ГЕО Мастер А» сату бөлімінің басшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, орыс
9	Козлов Сергей Анатольевич	1968	«MACATO» инвестициялық-құрылыс компаниясы ЖШП, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, орыс
9	Абдукаримов Хакимжан Хашимжанович	1988	ЖШС «EcoStandard» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, ұйғыр
10	Сералиев Максат Серикович	1988	«АТАМЕКЕН» ӨКП Ауландық филиал директоры, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
10	Аюпов Ғани Советбекович	1962	«Желтоқсан Ақиқаты» РҚБ директоры, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
10	Ибрагимұлы Болат	1983	«Qazaq Stroy ProperHes» ЖШС директоры, Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
10	Түлесова Асия Тасбулатова	1984	Жеке кәсіпкер, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
11	Тажибаев Джумабай	1955	Зейнеткер, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
11	Бейсекенов Серик Аманжолович	1967	Жеке кәсіпкер, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
11	Тұрысбекова Айгуль Тұрааровна	1972	«№26 қалалық емхана» ШДЖК КМК бас дәрігері, Алматы қаласы, партиялық емес, қазақ
11	Стамбеков Токтарқажы	1966	«Шұғыла» ықшам ауданының КМС төрағасы, «Amanab» партиясы, Алматы қаласы, қазақ
11	Жампишов Құпесбай Оразбаевич	1950	«МП-КК» ЖШС бас директоры, Алматы қаласы, «Ақ-жол» ҚДП ҚБ партиясы, қазақ
11	Бегалин Қайрат Талапович	1987	ТОО «Ukids» директоры, Алматы қаласы, «Respublica» партиясы ҚБ, қазақ
11	Өскенбай Кенже Жұманұлы	1969	«DALA» Телефабрика ЖШС журналист, Алматы қаласы, «Байтақ Қазақстан жасыл партиясы», қазақ

4	Кошумбаев Марат Булатович	1962	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, оқытушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Имннов Абдумажит Муталипович	1962	«Арман» ЖШС медициналық орталығы, директордың орынбасары, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, ұйғыр
4	Асылбек Амантай Хантемірұлы	1942	Семей полигонының жабылуына арналған халық аттан Қазақстан штаб, басшы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Қасымов Ербулат Булатович	1982	«Қазақстан-2050» ҚҚ, президент, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanab» партиясы, қазақ
4	Урманов Адил Қуанышпаевич	1973	Медиа-портал «Караван.kz», журналист, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Байсакова Зүлфия Мухамедбековна	1966	«Жан-Сая» дағдарыс орталығы КММ, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; «Amanab» партиясы, қазақ
5	Тайжан Мұхтар Болатханұлы	1973	«Болатхан Тайжан» атындағы қордың президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Ирсалиева Аринур Қуанышевна	1982	Қазақстан Республикасы заң кеңесшілерінің республикалық палатасының заңгері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Елеусизов Мәлзе Хамзаевич	1950	«Табиғат» экологиялық одағының төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Альжанова Аида Курманғалиевна	1963	Жеке кәсіпорын «АСГ» құрылтайшысы, Тұран университетінің PhD докторанты, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Айдарханов Абзал Муратович	1980	Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Amanab», қазақ
5	Түлембаева Айгуль Нұрәлиевна	1972	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бас инспекторының көмекшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Ағыбаев Берік Қалижанұлы	1990	Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының саяси кеңес мүшесі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия», қазақ
5	Ғалимжанов Мұхтар Искандерович	1964	АҚ «Берекебанк» бас сарапшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Аманжолов Нұрәли Хамрақұлович	1973	«АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың Орталық Азия қауымдастығы» ЗТБ президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – Қазақстан Халық партиясы, қазақ
5	Ауғанбаева Алма Курмановна	1967	«Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ, директордың орынбасары, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия – Қазақстанның «Ақжол» Демократиялық партиясы», қазақ
5	Базарбек Бақытжан Жумабекулы	1981	«Bazarbek & Partners» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Ақтаева Лязат Мейрашевна	1965	Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Жоғары медициналық колледжі» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партия «Amanab», қазақ

2023 жылғы 17 ақпан.

12	Рахменшеев Сапар Қуттыбаевич	1974	КМК «Психикалық сауықтыру орталығының» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Amanab», қазақ
12	Оразбекұлы Ерболат	1986	«Тұран» университеті, коммерцияландыру орталығының директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
12	Токсанбетов Нұрлан Сембаевич	1980	«OSTIM TECH» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
12	Зүлеев Мұхтар Махамбетович	1982	«Good food KZ» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Amanab», қазақ
12	Ташимовна Салтанат Жарылқапиевна	1966	«Алматыны қорғайық» қоғамдық ұйымының төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
12	Қалматаева Жанна Амантаевна	1971	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Қазақстан Халық партиясы», қазақ
12	Асинова Жанна Медеуовна	1989	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, қауымдастырылған профессор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы», қазақ
13	Корытько Владимир Юрьевич	1990	«WEB-ZONA KZ» ЖК, директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Байтақ» – Қазақстан жасылдар партиясы, неміс
13	Игембергенов Ербол Бақытович	1979	«ЕРЗИ Мүгедектер ассоциациясы» ҚБ президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – Қазақстанның «Ақжол» Демократиялық партиясы», қазақ
13	Асен Айгуль Асенқызы	1981	Алматы қаласы №7 ҚДСБ ШЖК МҚКҚ қалалық емханасының бас дәрігері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Amanab», қазақ
13	Сауранбаев Ералы Болатович	1979	«Sheber Partners» ЖШС, бас атқарушы директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия «Amanab», қазақ
14	Сәрсен Бақытжан Ғадилжанұлы	1970	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
14	Секербаева Жанар Сансызбаевна	1982	Өзін-өзі жұмыспен қамтушы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
14	Қарақұлова Айнуір Ахановна	1976	МҚКҚ «№ 91 бекетжай балабақша» меңгерушісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
14	Есемебаев Қайрат Байғалиұлы	1969	«Global Invest CORP» ЖШС, директор, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Amanab», қазақ
14	Рахымов Диас Қазбекович	1991	«ИНФОБИП» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
14	Айнебекова Бақыт Алысбаевна	1973	ҚазҒЗИ ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ЖШС, дәнді дақылдар зертханасының меңгерушісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партия – «Ауыл» Халықтық-демократиялық саяси партиясы, қазақ
14	Ботабеков Роман Бейдіалиевич	1960	«Туран Экспресс» жолаушылар компаниясының бас атқарушы директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Байтақ» – Қазақстан жасылдар партиясы, қазақ
15	Сералин Бауыржан Булатбекович	1978	«LS GROUP» ЖШС-нің директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
15	Үтемісов Мурат Мусаевич	1975	«KUSTO HOME» ЖШС-нің Бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
15	Ділдебек Дидарбек Жұмағалиұлы	1997	Абай атындағы ҚазҰПУ, тәрбие, әлеуметтік жұмыстар, жастар саясаты департамент директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
15	Чинтасов Серик Галиединович	1963	«KAGAZY INVESTMENTS» ЖШС-нің бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Ақ жол» партиясы, қазақ
16	Нұртаев Тимур Таймасович	1975	«TIMUS Development» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
16	Сахиев Саябек Қуанышбекович	1971	«Ядролық физика институты»-ның бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
16	Джусеева Қарашаш Узбекбайқызы	1969	«Джусеева» ЖК директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
16	Иманалиев Асқар Муратович	1978	Экология саласындағы қоғамдық қызмет «Таза Әлем», тұрғылықты жері – Алматы қаласы, Қазақстанның «БАЙТАҚ» жасыл партиясы, қазақ
17	Ахметов Жасулан Маратович	1983	«Металлторг Казахстан» ЖШС бас директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
17	Данірбеков Нұрбек Слямханович	1973	«Самал-Транс» ЖШС кеңесшісі, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, Қазақстанның «БАЙТАҚ» жасыл партиясы, қазақ
17	Джандосова Жанар Санджаровна	1963	«Сандж зерттеу орталығы» президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
17	Түлеубаев Алішер Батышович	1983	«East Way Group» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, қазақ
17	Соломко Валерий Александрович	1986	«Болашақ құрылыс-8» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда емес, поляк
18	Ізбасар Дәурен Жаңдарұлы	1996	«Жандар» ЖК басшысы, Алматы қаласы Медеу ауданы, саяси партияның мүшелігі жоқ, қазақ
18	Турабаев Қуаныш Ауесханович	1975	«ADK INDEX» ЖШС директор, Алматы қаласы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, қоғамдық бірлестігі, қазақ
19	Ким Вячеслав Семенович	1981	«Фирма Женис» ЖШС директоры, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, қоғамдық бірлестігі «Amanab» партиясы, көріс
19	Сидиков Дастан Султанович	1988	«Container Service Group» ЖШС директоры, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, саяси партияның мүшелігі жоқ, ұйғыр
20	Абдрешов Ербол Садуаулы	1961	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
20	Абдулшүров Мурат Муктарович	1963	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
20	Аменова Жібек Кангәльдиевна	1976	Атқарушы директоры, ОО «Меншік құқығын қорғау одағы» тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
20	Искакова Шолпан Мусиновна	1962	Мұғалім, «№118 мектеп-гимназия», тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
20	Шин Андрей Антонович	1972	«Шин-Лайн» компаниялар тобының президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, көріс
21	Кузнецов Игорь Петрович	1977	Кәсіпкер, ИП «Кузнецов» тұрғылықты жері – Алматы облысы, партияда жоқ, орыс
21	Курентаев Жарқын Амандосұлы	1974	ЖШС «МируЭРТ Строй» учаске басшысы, тұрғылықты жері – Алматы облысы, партияда жоқ, қазақ
21	Лесных Петр Петрович	1977	ЖШС «BPS security» директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігінен, орыс
21	Рамазанов Дулат Амриталинович	1971	Жеке кәсіпкер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, партияда жоқ, қазақ
21	Токмуризов Мурат Тлешович	1974	ЖШС «Noreca Training Group» , ТОО «Skills professional» құрылтайшысы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, қазақ
21	Шардинов Шухрад Ахметжанович	1975	ЖШС «АЗМК», директорлар кеңесінің төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы, «Amanab» партиясы, ұйғыр

2023 жылғы 17 ақпан.



«Алматы қаласында сайлау алдындағы үгітті ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы»
Алматы қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 30 сәуірдегі №2/270
Қаулысымен бекітілген тізім

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Алматы қаласы
мәслихаты депутаттарының сайлауында кандидаттардың үгіттік баспа
материалдарын орналастыруға арналған орындар

№	Ауданның атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1.	Алатау ауданы	Өскемен көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысы
2.	Алатау ауданы	Қоунрадская көшесі мен Тәжік көшесінің қиылысы
3.	Алатау ауданы	Райымбек даңғылы мен Братская көшесінің қиылысы
4.	Алатау ауданы	Куприн көшесі мен Нальчикская көшесінің қиылысы
5.	Алатау ауданы	Куприн көшесі мен Калининградская көшесінің қиылысы
6.	Алатау ауданы	Ахрименко көшесі мен Войков көшесінің қиылысы
7.	Алатау ауданы	«Өйгерім-1» шағынауданы, Бенберин көшесі мен Шұғыла көшесінің қиылысы
8.	Алатау ауданы	«Самғау» шағынауданы, Көкорай көшесі мен Жайлы көшесінің қиылысы
9.	Алатау ауданы	«Өйгерім-1» шағынауданы, Байтенов көшесі мен Жаңа ғасыр көшесінің қиылысы
10.	Алатау ауданы	Рысқұлов даңғылы, 228 (№7552 әскери бөлімшесінің аумағы)
